

Әркім өзінің игілігіне
еңбек етсін, сонда
мемлекеттің де игілігі
артады.

Елбасы
Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВ.

АЙТЫЛДЫ – ЖАСАЛДЫ



ӘЛЕУМЕТТІК
НЫСАНДАР
ел игілігіне
қызмет етеді

3

ИНДЕТПЕН КҮРЕС



«МЕН ЕКПЕ
АЛДЫМ»

5

ЖАҚЫНЫҢА ЖАНАШЫР БОЛ!

2021 жылғы 2 тамыздағы
мәлімет бойынша
АЛМАТЫДА

I компонентпен
727 097

II компонентпен
535 932

адам вакцина салдырды

ХАЛЫҚ САНАҒЫ–2021



«ҚАЗАҚСТАНДА
ӘРКІМ МАҢЫЗДЫ!»

ЕЛІМІЗДЕ ҰЛТТЫҚ
ХАЛЫҚ САНАҒЫНЫҢ
БАСТАЛУЫНА

28

КҮН ҚАЛДЫ

www.almaty-akshamy.kz



9 772223 237006

«АҒАШТАРДЫ АЯЛАЙЫҚ!» челленджі жолданды



Жаздың аптап ыстығында жасыл желектің қай-қайсысына болсын күтім керек. Шөлдеген ағаштың күйін түсінбесек те, адам ретінде шөлдін қалай болатынын білеміз. Сондықтан кез келген тіршілік иесінің өмірінде судың алатын орны ерекше.



Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ

Биылғы жаз бұрынғыдан өзгереді. Қала аумағындағы жасыл желек те қуаңшылықты сезінгендей. Бұрынғыдай жап-жасыл күйге ене алмай, қолдауға зәру болып тұр. Осы тұста «Alatau Aqparat» ЖШС «Ағаштарды аялайық!» челленджін қолға алып, мекеме айналасындағы, сондай-ақ былтыр Абай даңғылының бойына өздері отырғызған жасыл желекке су құя бастады. Мақсат – қаладағы барлық мекемені



Суреттерді түсірген Қайрат ҚОНЫСБАЙ.

өзіне қарасты, сондай-ақ жақын маңдағы ағаштарға қамқорлық жасауға шақыру.

«Almaty aqshamy» мен «Вечерний Almaty» газеттерінің қызметкерлері қолдарына шелек алып, жақсы істі бастап та кетті. Осы орайда, өзге әріптестерімізді де челленджді жалғастыруға шақырамыз.

Айта кетейік, «Alatau Aqparat» ізгі бастаманы – Қазақстан Журналистер одағына, «Вечерний Almaty» – «Новое поколение» газетіне, ал «Almaty aqshamy» – «Қазақ үні» газетіне жолдады.

ӘЙЕЛДЕР ҚАУІПСІЗДІГІН ҚОЛДАЙМЫЗ



Еліміздегі пойыздарда тек әйелдерге арналған купелер пайда болуы мүмкін. Бұл туралы «Жолаушыларды тасымалдау» акционерлік қоғамының бас директоры Петер Штурм «Магистраль Life» бағдарламасында құлағдар етті.

Бұдан бөлек, көрші елде, дәлірегі, Ресей православ шіркеуі таяуда бастама ретінде көтерілген ислам елдеріндегі тәжірибенің ел аумағында жүзеге асырылуын қолдап отыр.

Яғни әйелдердің қоғамдық көліктерде ерлерден бөлек вагоны болғанын қалайды. Әуел баста шариятқа негізделген мұндай тәжірибе Саудия, Мысыр бастаған араб елдері мен Ираннан бөлек, Бразилия, Жапония, Үндістан секілді мұсылман емес елдерде де қолданысқа енгізілген. Ондағы мақсат – әйелдердің ар-намысын қорғау мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

(Жалғасы 2-бетте).

ҚЫСҚА...

- Шаһарда 2 тамыздан бастап карантиндік шектеу шаралары күшейтілді.
- Қазақстан бойынша коронавирус инфекциясына қарсы вакцинаны 5,4 млн. адам салдырды.
- Еліміздің барлық өңірі «қызыл аймақта».
- Ashyq-тың көшбасшылары мен аутсайдерлері жарияланды
- Алматы қаласы әкімдігі балаларға қосымша білім беруге грант бөлуде.
- «Мерген» фильмі шетелдік байқауда бақ сынамақ.
- Қасым хан туралы тарихи фильмнің түсірілімі аяқталды.



ДАЙЫНДЫҚТЫ МЕРЗІМІНДЕ АЯҚТАУ МАҢЫЗДЫ

Алматы қаласы әкімінің орынбасары Е.Бабақұмаров қалалық Білім басқармасының басшысы Л.Жылқыбаевамен бірге жұмыс сапары барысында білім беру инфрақұрылымының жаңа оқу жылында офлайн форматта оқыту бойынша оқушыларды қабылдауға дайындығымен танысты.

Жұмыс сапары аясында жаңа және қосалқы нысандардың мектеп оқушыларын қабылдауға дайындығы тексерілді. Ағымдағы жылы табиғи өсімнің және көші-қонның артуының нәтижесінде Алматыда оқушылар саны 280 мың балаға жетті. Осыған орай әрі күрделі эпидемиологиялық ахуалды ескере отырып, білім беру үдерісі кезінде қауіпсіздік шаралары мен әлеуметтік қашықтықты қамтамасыз ету үшін жаңа оқушы орындарын ашу барынша маңызды.

Мәселен, №38 гимназия мен №199 мектептің қосалқы нысандары, №40 және №45 мектептерді қалпына келтіру және сейсмикалық күшейту жұмыстары тексерілді. №21 мектеп аумағындағы 120 орынды жаңа балабақшаның дайындығын бақылап қайтты. Осы нысандарды іске қосудың арқасында жаңа оқу жылына 1025 жаңа оқушы орны құрылатын болады.

Алматыда 2025 жылға дейін білім беру нысандарының құрылысын жедел жүргізу



қалалық бағдарламасы аясында мектептердегі орын тапшылығын 73%-ға төмендету жоспарлануда. Иссапарда санитарлық-эпидемиологиялық қауіпсіздік шараларын сақтау мәселелеріне жігі назар аударылды. №56 гимназия мектебінің тәжірибесі бойынша оқушылар мен оқу процесіне қатысатын басқа тұлғалардың температурасын өлшейтін арнайы кіру жүйесін енгізу мүмкіндігі қарастырылған.

Ержан Бабақұмаров білім беру мекемелерінің аумағын абаттандыруды мерзімінде аяқтаудың маңызды екенін атап өтті және білім беру қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша бірқатар нақты тапсырмалар берді. COVID-19-ға қарсы вакциналануға баса назар аударылды.

«АҚШАМ-АҚПАРАТ».

«ДЕЛЬТА» ДЕС БЕРМЕЙ ТҰР



Айнұр
СЕНБАЕВА

Алматыда коронавирустың «дельта» штаммы көбіне екпе салдырып үлгермеген жастарға жұғуда. Вирус жұқтырғандардың 37%-ы – 20-40 жас аралығындағы тұрғындар.

Бұл деректерді Алматы қаласы Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы басшысының орынбасары Әсел Қалықова Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте айтты. Эпидемиологтің айтуынша, «дельта» классикалық «ухань» штамынан 2 есе қауіпті. Коронавирустың жаңа түрін жұқтырған науқастарда аурудың симптомдары өзгерді. Олардың арасында асқазан-ішек аурулары асқынған.

«Дельта» иммунитеті мықты, дені сау жастарға да жұғады. Дерт ауыр өтеді және бүкіл денеге 2 есе тез әсер етеді. «Соңғы екі

аптадағы жас құрылымын талдау жасөспірімдер арасында КВИ таралуының үлесі 0,7%-ға, ал 40–59 жастағы азаматтар арасында 0,8%-ға өскенін көрсетті. Негізінен, КВИ жұқтыру 20–40 жас аралығындағы жастарда – 37%-да, 40–59 жастағы азаматтарда – 25%-да, 60 жастан асқан адамдарда – 19%-да және 14 жасқа дейінгі балаларда 13%-да кездеседі», – дейді Ә.Қалықова.

Спикер қала тұрғындары карантиндік талаптарды жиі бұзатынын, тойды тоқтатпағанын, шектеулерге қарамастан лық толы мекемелерге баратынын, осы әрекеттерімен өздері мен жақындарының өмірлеріне қауіп төндіретінін айтты.

Алматыда саяхат кезінде инфекция жұқтырғандардың өсуі – 2%, демалыс саябақтары мен жаяу жүргіншілер көшелерінде – 1%, банктерде, пошта бөлімшелері мен халыққа қызмет көрсету орталықтарында –

0,9%, дәріханаларда – 0,9%-ға, отбасылық шараларға қатысқанда – 0,7%-ға, қоғамдық тамақтану орындарында, яғни мейрамханалар, кафелер мен түнгі клубтарда 0,2%-ға жеткен.

Тәуекел аймағында әлі де иммунитеті қорғалмаған, вакциналанбаған адамдар бар, ал олардың саны Алматыда екпе алғандарға қарағанда көп. Жалпы алғанда, вакциналау науқанының барлық кезеңінде Алматы қаласының 725 575 тұрғыны бірінші компонентті салдырды. Өткен тәулікте 4971 адам екпе алды.

«Халықтың 70%-ы екпе алғанда ғана коронавирусқа қарсы ұжымдық иммунитет қалыптасты деп айтуға болады. Сондықтан мен барлық қала тұрғындарын вакцина алуға шақырамын. Екпе алмасақ, жағдай қиындай түспек. Қазірдің өзінде дәрігерлер мен медицина қызметкерлеріне үлкен жүк түсіп отыр», – деп атап өтті Ә.Қалықова.


«ASHYQ» КӨШБАСШЫЛАРЫ



Айкерім
РАЙЫСҚЫЗЫ

Шаһарда «Ashyq» жобасының танымалдылығы күн санап артуда. Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен баспасөз конференциясы барысында қалалық Кәсіпкерлер палатасының директоры Айтуар Қошмамбетов мәлімдеді.

Спикердің сөзіне сүйенсек, бизнес коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу үшін барлық мүмкіндікті пайдалануда. Соған сәйкес, «Ashyq»-пен жұмыс істегісі келетіндердің саны күн сайын артып келеді. Маусым айының басында онда 1700 қатысушы болса, бүгінде олардың саны 6419-ға жетті. Қалада жеке кәсіпкерлердің 37%-дан астамы жобаға қосылып үлгерген. Бұл ретте қоғамдық тамақтану мен қонақүйлердің иелері барынша белсенділік танытуда.



– Біз жобаға ең көп қатысушыны тіркеген қызметтің ТОП-5 түрін анықтадық. Бұл – 22 242 қоғамдық тамақтану объектісі, 1117 базар, СОСО, сауда орталықтары, 835 сәулік салону, шаштараз, 491 балаларды сауықтыру орталығы және йога орталықтарын қосқанда 426 фитнес-клуб, – деді спикер.

«Ashyq» жобасының артықшылығына қарамастан, кейбір кәсіпкерлер келушілерді сканерлеуде жауапсыздық танытатын көрінеді. Қазірдің өзінде 900-ден астам аутсайдер көзге түсіп үлгерген.

– 30 шілдеде біз әкімдіктің сайтындағы тізімді жаңарттық, онда жауапсыз қатысушылар да, жоба көшбасшылары да көрсетілген. «Ashyq» жобасында барлығы 152 көшбасшысы бар. Біз барлық ақпаратты апта сайын Ақпарат және цифрлық даму министрлігінен аламыз, – деді А.Қошмамбетов.

– Егер жоба қатысушылары өз міндеттерін орындамаса, олар одан шығарылады және преференциялармен жұмыс істеу мүмкіндігінен айырылады. Соңғы екі аптада Алматы бойынша 61 қатысушы жобадан шығарылды, – деп қорытты спикер.

Эпидемиологтердің мәліметінше, қалада «Ashyq» сканерлеу арқылы өзін-өзі оқшаулау режимін бұзған 170 адам анықталды. Олардың барлығы әкімшілік жауапкершілікке тартылды.

САНДАР СӨЙЛЕЙДІ



Метрополистері
абаттандырылған
велотранспорттың
ұзындығы
82 шақырымды
құрайды.



Шаһарда
2023 жылға дейін
20-ға жуық
мемлекеттік балабақша
салынады.



Алматыда
207
мемлекеттік мектеп бар.



Елдегі интернет-дүкендердің
60%-ы
Алматыда орналасқан.



«Жасыл Алматы»
бағдарламасы аясында
жыл соңына дейін
350 000
ағаш отырғызу
жоспарлануда.

ӘЙЕЛДЕР ҚАУІПСІЗДІГІН ҚОЛДАЙМЫЗ



(Басы 1-бетте)



Әсел
ДАЖАН

Елімізде балалар мен әйелдерге қатысты жасалатын қылмыстардың барын ескерсек, онда әйелдерге арналған жеке вагонның болғаны құптарлық. Алысқа бармай-ақ, өз көзіммен көргенді айтайын. Дамыған елдерде пойыз ғана емес, метролардың өзінде әйелдерге арналған

вагон бөлек. Алғаш рет Дубайдың метросына отырғанда ер адамдар бізге кәдімгідей бастан-аяқ қарағаны бар. Сөйтсек, біз ерлердің вагонына кіріп алыптық. Оның өзін 2-3 күн метромен жүргеннен кейін барып түсіндік. «Турист екеніміз түрімізден көрініп тұрған соң, олар да түсінген шығар» деп, келесі жолы әйелдердің вагонын іздеп жүріп кіргенбіз. Сонда байқағаным, әйел адамның қауіпсіздігі мемлекет тарапынан қорғалған кезде оның жүрегінде аз да болсын тыныштық пен қызының ертеңіне алаңдамайтындай сенім болады екен.



ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАР ел игілігіне қызмет етеді



Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ

Биыл еліміз Тәуелсіздіктің 30 жылдығын атап өтеді. Осы уақыт ішінде Алматының әлеуметтік саласында көптеген өзгерістер мен жаңа идеяларға толы ауқымды жобалар жүзеге асты.

Алматы қаласының әкімі Бақытжан Сағынтаевтың айтуынша, «Тең мүмкіндіктер қаласы» стратегиясы аясында қалада соңғы екі жылда оннан аса әлеу-

меттік нысан пайдалануға берілген. Бұл тұрғындардың сұранысы бойынша жүзеге асырылған жоба. «Шаһарда 53 мыңнан аса мүмкіндігі шектеулі адам тұратындықтан, оларды оңалту орталықтарымен қамтамасыз ету керек», – деді әкім. Өйткені, Алматы – тең мүмкіндіктер қаласы. Бүгінде осы бастама аясында «Әлеуметтік қызмет үйі» ашылып, халыққа қызмет көрсетуде. Бұдан бөлек, оңалту орталықтарын салу да қолға алынған. Мәселен, әкімдік Абай мен Мәсінші көшелерінің қиылысындағы теміржол емханасын

мемлекеттік меншікке қайтарып алды. Қазір жобалық-сметалық құжаттар жасалуда. Келесі жылы бұл жерде балаларға арналған заманауи оңалту орталығы бой көтереді. Қала бойынша мұндай бірнеше нысан ашылады. Онда мүгедек балалар спортпен шұғылдана алады. Оған қоса, балалар мен ересектерге арналған тағы екі оңалту орталығының жобасы жасалуда. Онда мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған жаттығу залдар мен қауыз қарастырылған. Бұл жобалар инклюзивті орта қағидасына сай жасалуда.



- Халықтың әлеуметтік осал топтарын қолдауға 24,8 млрд. теңге қаражат бөлінген.
- 124 мың алматылық тұрғын халықтың әлеуметтік осал тобына жатады.
- Әлеуметтік қызметтер үйі 776 қызмет түрі бойынша жұмыс істейді.

- Болашақта мегаполистегі спорттық нысандар мен алаңдар санын 4 мыңға жеткізу жоспарланған.
- Өткен жылы бұқаралық спортты дамыту шеңберінде шағын футбол, баскетбол, волейбол, воркаут алаңдары, әмбебап балалар алаңдары секілді 700-ден астам спорт алаңы пайдалануға берілді. Оған қажетті 300 жаттықтырушы «Еңбек» бағдарламасы арқылы тартылған.
- Биыл жергілікті бюджеттің қаражатымен қаланың шеткі аудандарында 6 спорттық-сауықтыру және 1 теннис орталығы салынады. Бюджеттен тыс тағы 6 спорттық нысанның құрылысы жоспарланған.



«ШЫҢҒА ӨРЛЕУ» ЖОБАСЫ

- 10 клуб бөлімшелері жұмыс істейді.
- 2021 жылы мұнда 1,2 мыңнан астам балалар түрлі үйірмелерге қатысқан.

«ТЕН КОГАМ» ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ

- Жыл басынан бері 156 адамға қолдау көрсетілді.

«БАҚЫТТЫ ОТБАСЫ» ОРТАЛЫҒЫ

- қала аумағында 9 орталық жұмыс істейді.
- Бүгінге дейін орталық қызметіне 24,1 мың адам жүрген.

КЕРЕК ДЕРЕК

Өткен
жылы

«Бақытты отбасы» отбасын қолдау орталығы арқылы 18 445 қызмет көрсетілген. 764 офлайн-курстар, 4500 онлайн-курстар өткізілді. 500 адам «Бастау Бизнес» кәсіпкерлік негіздері бойынша курстарда оқыды. 205 адам 200 АЕК мөлшерінде грант алды, оның ішінде 121 көпбалалы отбасы бар.

«БЕЛСЕНДІ ӨМІР СҮРУ» ОРТАЛЫҒЫ

- Қалада 9 орталық жұмыс істейді.
- Оған 23,4 мыңнан астам зейнеткер тіркелген.



«ІСКЕР АНА» БАҒДАРЛАМАСЫ

- 776 адам қайтарымсыз грант алып, жеке бизнесін ашты.

ТҰРҒЫН ҮЙ СЕРТИФИКАТТАРЫ

- Үй кезегінде тұрғандарға 1 млн. теңгелік қайтарымсыз сертификат берілді. Бұл сертификаттарды «Шаңырақ» және «Бақытты отбасы» бағдарламасы аясында пайдалануға болады.
- Аталмыш бағытқа жергілікті бюджеттен 2 млрд. теңге бөлінген.



Білімге инвестиция



Әсел
ДАҒЖАН

Алматы қаласы әкімдігі балаларға қосымша білім беруге арнайы грант бөледі.

Қалалық әкімдік «Алматы қаласының балаларына қосымша білім берудің 2021 жылға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын бекіту туралы» қаулы дайындады. Барлығы 5 мың грант бөлу көзделген.

Туристік-өлкетану біліміне әрқайсысы 15 995 теңгеден 350 грант; экологиялық-биологиялық білім беруге әрқайсысы 15 995 теңгеден 400 грант; ғылыми-техникалық білім беруге әрқайсысы 15 995 теңгеден 900 грант қарастырылған. Әлеуметтік-педагогикалық грантқа 15 995 теңгеден 900 грант; көркем-эстетикалық білім беруге 15 995 теңгеден 900 грант; дене шынықтыру-спорт біліміне 15 995 теңгеден 900 грант; музыкалық-аспаптық (мамандандырылған) білімге – әрқайсысы 36 518 теңгеден 600 грант; инклюзивті қосымша білім беруге 69 362 теңгеден 50 грант бөлінді.

Құжатты 11 тамызға дейін «Ашық НҚА» сайтынан көруге болады.

Пирамидашылар тартынар емес



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

19 мың қазақстандық қаржы пирамидасының құрбаны болған. Елімізде жыл басынан бері қаржы пирамидалары бойынша 330 қылмыстық іс тергеліп, оның 177-сі сотқа жіберілді. 62 адам тергеуге, 55 адам қамауға алынды.

«Қаржы пирамидасы бойынша қылмыстық істерге қатысты зардап шеккендердің жалпы саны 19 мыңнан астам адамды құрайды, оларға жалпы сомасы 21 миллиард теңгеден астам шығын келтірілді», – делінген ҚР ІІМ хабарламасында.

Алаяқтардан зардап шеккендердің көбі – Ақтөбе, Маңғыстау, Түркістан облыстары мен Шымкент, Алматы қалаларының тұрғындары. Ішкі істер министрлігі атап өткендей, алаяқтар көп адам тарту үшін компаниясының атына зор әрі тартымды атау береді, ақшаны пайдалы жобаларға, қор биржаларына немесе өте тиімді өндіріске инвестициялауды ұсынады.

– Мәселен, Алматы қаласындағы «As-tra Consulting» қаржы пирамидасының қызметкерлері азаматтардан ақша тарту үшін өздерін қор биржасының кәсіби қатысушылары ретінде көрсетіп, салынған ақшадан жоғары табыс алуға уәде береді. Бірақ олардың қор биржасына ешқандай қатысы жоқ екені белгілі болды. Қазіргі уақытта бұл қылмыстық іс бойынша тергеу аяқталды. Алты адам қылмыстық жауапкершілікке тартылды, олардың барлығы қамауда. Бұл адамдар 125 адамды пирамидаға тартып, 650 миллион теңге көлемінде залал келтірді, – деп хабарлады құзырлы ведомстводағылар.



QAZAQSTAN30

«ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ
МЕН ҮШІН
МАҢЫЗЫ...»**Айгерім
СЕРІКҚЫЗЫ,
қазақ тілі пәні
мұғалімі:**

– Барлық игіліктердің ең ұлысы – тәуелсіздік, – деп Годвин айтқандай, біз тәуелсіздігімізді құрметтеп, онымен мақтануымыз керек. Қазіргі таңда қаншама халықтар бар өз елін, жерін, тілін, дінін қайтаруды армандайтын. Тәуелсіздік үшін жанын беруден тайынбайтын. Сондықтан да осы еркіндігімізге шүкіршілік айтып, білім жолында, ғылым саласында жастығымызды, біліктілігімізді пайдалана

отырып, елімізді дамыған мемлекеттер қатарына қосуымыз қажет. Бүгінде қазақ тілі мемлекеттік тілге айналды. Ғасырлар бойы шет жерде жүрген миллиондаған отандастарымыз, қандастарымыз өз атамекеніне оралды.

Қазақстанда тұратын барлық ұлттардың тілінің, дінінің дамуына толық мүмкіндік жасалды. Тіліміздің әрмен қарай дамып, өркендеуіне өз септігімізді тигізу мақсатында ата-анамның жолын жалғап, ұстаздық қызметті таңдадым. Қазіргі таңда мектепке даярлық сыныбындағы балаларға қосымша сабақ беремін. Мен өз тілімді, елімді, еркіндігімді мақтан етемін. Тәуелсіздігіміз мәңгілік жасай берсін!

**Р а й ы м б е к
ЛҰҚПАҢҰЛЫ,
спорт
жаттықтырушысы:**

– Бүгінде Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев спорт саласына айрықша көңіл бөледі. Соңғы жылдары көптеген спорт нысандары салынды. Спортқа жаны құштар жастарға жетістіктерге жетуге мол мүмкіндік бар. Осы күнге дейін олимпиадада қазақ баласы еркін күрестен жеңіске жеткен жоқ. Менің ең биік мақсаттарымның бірі – көк байра

ғымызды желбіретер олимпиада чемпионын дайындап шығарсам деймін. Өзім бала кезімнен күреспен айналысамын. Әкем де 20 жыл дәл осы спорт саласында еңбек еткен жан. Сол алғаш додаларға қатысып жүрген кездері әлі есімде, жерге төсейтін дұрыс кілем де болмапты. Ал бүгінде жасөспірімдерге барлық мүмкіндік жанжақты қарастырылған. Тек соны ұтымды пайдалану керек. Тәуелсіздіктің 30 жылдығы мереке-сінің табалдырығында тұрып, осындай бірлігі мықты елде туғаным шексіз бақыттымын. Егемен еліміздің ертеңіне қызмет етуді мақтанш тұтамын. Туған жердің өркендеуіне үлес қосуды перзенттік парызым деп санаймын.

**Бұлан
АХМЕТКАЛИ,
студент:**

– Тәуелсіздік алған аз уақыттың ішінде елімізде 1993 және 1995 жылдары екі бірдей Конституция қабылданды. Еліміз Президенттік басқару жүйесіне өтті. Біліктің барлық салалары Конституцияға сай қызмет атқаруда. Мемлекетіміздің құқықтық қатынастарын реттейтін көптеген заңдар, кодексе

тер, заңнамалар қабылданып, мемлекеттік құрылыстың өркендеуіне сүбелі үлес қосылып жатыр. Бүгінде әрбір қазақстандықтың құқығы қорғалған. Демократиялық ел болғандықтан, жасымызда, егде жастағы қарттарымыз да өз пікірлерін жеткізе алады. Өзімде құқық саласында білім алып, кішігірім қызметтер атқарғандықтан, тәуелсіздіктің арқасында әрбір адам өз ойын жеткізе алатындығына көзім жетті. Мен тәуелсіз елде өмір сүріп жатқанымға қуанамын.

**Әзірлеген
А.ҒАЛЫМҒАЗЫҚЫЗЫ.**

ШАРА

Құқықтық мәдениетті
көтеру көзделуде**Динара
МҰРАТ**

Алматыда 2 тамыздан бастап құқықтық сауаттылық айлығы басталды. Оны қала әкімдігінің Қоғамдық даму басқармасының «Рухани жаңғыру» жобалық кеңсесі ұйымдастырды. Бір айлық шара аясында кез келген адам кеңес ала алады, ал қабылдауды кәсіби медиаторлар мен тәжірибелі заңгерлер жүргізеді.

Іс-шараның ұйымдастырушы-үйлестірушісі Сабина Сәкен Алматы қаласының Өңірлік коммуникациялар қызметінің брифингі барысында айлықты өткізудің мәні мен тәртібі туралы айтып өтті.

«Консультациялар тегін болады. Онлайн және офлайн-режимде өтеді. «Құқықтық мәдениет» айлығының басты мақсаты – халықтың құқықтық білімі мен мәдениетінің деңгейін арттыру, сонымен қатар азаматтардың құқықтық мінез-құлық дағдыларын дамыту», – деп түсіндірді С.Сәкен.

Құқықтық консультациялар Алматының барлық сегіз ауданында 2 қыркүйекке дейін тиісті санитарлық нормаларды сақтай отырып

өтеді. Мәселен, Алатау ауданында офлайн-консультация 2–5 тамыз аралығында «Нұркент» шағын ауданы, Атлетикалық ауыл тұрғын үй кешені, 5/111 мекенжайы бойынша өтеді.

Алмалы ауданында 6–9 тамыз аралығында көпбалалы отбасыларға қызмет көрсету – «Бақытты отбасы» орталығында;

Әуезов ауданында 10–13 тамыз аралығында Grand Park сауда ойынсауық орталығында;

Бостандық ауданында 14–16 тамыз аралығында жергілікті Халыққа қызмет көрсету орталығында;

Жетісу ауданында 18–21 тамыз аралығында Жастар ресурстық орталығында;

Медеу ауданында 22–25 тамыз, сондай-ақ 30 тамыз – 2 қыркүйек аралығында Халыққа қызмет көрсету орталығында;

Наурызбай ауданында 26–29 тамыз аралығында әкімдіктің мәжіліс залында тұрғындар кеңес ала алады. Сонымен қатар, жоба аясында үздік заңгерлер, кәсіби медиаторлар мен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдерінің қатысуымен онлайн-семинарлар мен конференциялар өтеді.

ГАЗЕТ ОҚЫРМАНЫМЕН
ҚҰНДЫ

Қазір көпшілік кез келген жаңалықты әлеуметтік желі, ақпараттық порталдар арқылы оқып-білуге үйренген. Сондықтан болар, газетке деген сұраныс азайды. Бірақ бұл бұрынғыдай газет оқытандар

мүлдем қалмады деген сөз емес. Алматының жаңалықтарын өзіне ұнаған газетке жазылу арқылы оқытандар, тіпті сатып алып, көз жүгіртетіндер әлі де көп.

**Кұралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

«Мақта қыз» ертегісінің кері

Алатау ауданына қарасты «Ұлжан» ықшамауданының тұрғыны Шәмкүл Қаленова біздің газетіміздің он жылдан бергі тұрақты оқырманы. Зейнеткер апайымыз «Almaty aqshamy» газетін 1990 жылдан бері арнайы жаздырып алып оқиды. Сол апайымыз кеше редакциямызға хабарласып, жаңа үйге көшкелі бері «Almaty aqshamy» газеті қолына тимей отырғанын айтты. Қоныс аударатындарын арнайы барып ескерткен Шәмкүл апай пошта бөлімшесі қызметкерлеріне көңілі толмайтынын айтты:

– «Қарасу» елдімекенінен «Ұлжан-1» ықшамауданына қоныс аударғанымызға айға жуық уақыт болып қалды. Көшкен кезде газетімізден «адасып» қалмайық деп поштаға барып, жаңа үйіміздің нақты мекенжайын жазып бергенмін. Бірақ бүгінге дейін газетіміз әлі қолымызға тимей отыр. Күнде «келіп қалар...» деген үмітпен пошта жәшігін қарап жүрдік. Содан кеше мән-жайды білмек болып отағасы екеуміз поштаға бардық. Олар бізді алдымен «Айнабұлаққа» жіберді, «Айнабұлақ» – «Шаңыраққа» барыңыздар деді. Себебісіз көшеге шығуға болмайтын уақыт болса да, бастаған істі соңына дейін аяқтайық деп, «Шаңыраққа» да жол тарттық. Ондағылар бізді «Райымбек-Петровтағы» бөлімше біледі деді. Жаңбырлатып барған бөлімшеміз бізді «Әйгерімге» барыңыздар» дегенде... несін жасырайын, қан қысымымыз көтерілді. Шыдамның да шегі бар ғой. Бұл тірлік «ит итті жұмсайды, ит құйрығын жұмсайдының» кері болды, балам... Пошта қызмет-



керлері жұмысына мұнша салғырт бола ма? Жас болсақ бірсәрі, көліктен-көлікке секіріп мініп жүре берер едік, жасымыз 70-тен асканда бізді ары-бері сандалтқаны жанымызға батты. Атаң екеуміз не газет жоқ, не көңіл күй жоқ үйге қайтық, – деп мұңын шақты. Пошта қызметкерлерінің ісі біреуі екіншісіне жұмсайтын «Мақта қыз» ертегісін еске салды.

Басылым арқылы Алматының тыныс-тіршілігі туралы ақпараттарды үзбей оқып, қоғамдағы өзгерістерден хабардар болып отыратын отбасылар қаламызда баршылық. Сүйікті газетімен қайта қауышқысы келген оқырмандарымыздың өкпелейтін жөні бар. Біз бұл жерден пошта қызметінің халыққа қызмет көрсетудегі жұмысының жүйесіздігін көреміз. Әйтпесе, креслоға жайғасқан қызметкерлердің үлкен кісілерді ары-бері сенделтетін жөні жоқ еді. Әйтпесе,

бұл мәселе алғаш оқырманымыз ескерткен кезде-ақ шешіліп қоюы керек-ті. Бәлкім, жауапты сала басшылары қызметкерлерінің қоғаммен байланыстағы мұндай «қарым-қатынастарынан» бейхабар шығар. Сондықтан біз пошта басшылығынан онсыз да оқырманы азайған заманда санаулы басылымдардың діттеген жеріне уақытылы жетуін қадағалауын сұраймыз. Өйткені, дер кезінде жетпеген ақпараттың еш мәні болмайтыны әмбеге аян.

Біз мән-жайды білмек мақсатпен Алатау ауданындағы пошта бөлімшесіне телефон шалып едік, тұтқаны ешкім көтермеген соң жауап алу мүмкін болмады. Кейіннен «Қазпошта» АҚ мекемесіне хабарласып, істің мән-жайын айттық. Олар газеттің не себепті кешігіп жатқаны жөнінде үш күн ішінде ресми ақпарат беретінін айтты.

«Арнайы жәшікке салынса...»



Байқасаңыз, Алматыдағы көпқабатты үйлердің көбінің кіреберісінде пошта жәшігі бар. Газет-журнал немесе хат қалдыратын сол темір жәшіктерге осы күні бірді-екілі ғана газет салынбаса, негізінен, қаңырап бос тұрады.

Алмалы ауданының Құрманғазы көшесіндегі №66 үйде тұратын Зейнеп апаның жасы 80-нен асқан. Газет оқығанды жаны сүйетін зейнеткер-апа жасы ұлғайса да, «Almaty aqshamy» газетін жаздырып алып, үзбей оқиды екен. Бірақ кейінгі кездері оқырманымыз газетін уақытында ала алмай жүр. Неге дейсіз ғой... Себебі, газет өзінің «құтты орнына» қонбайтын көрінеді. Яғни кіреберістегі арнайы жәшікке салынбайды. Зейнеп апаның айтуынша, жазылған газетін көбінесе көршілері үйіне әкеліп береді. «Біздің үйдің тұрғындары өте тату тұрады. Көрген жерде амандық сұрасып, бір-біріне қамқорлық та танытып жатады. Өзім жоғары қабатта тұрамын. Сыртқа көп шыға бермеймін. Кейде газетімді уақытында ала алмай қалсам, көршілерім әкеліп береді. Ата-аналарынан көрген тәрбие ғой,

тіпті кішкентай балалардың өзі «мынау Зейнеп апаның газеті ғой» деп, далада шашылып жатқанын көрсе, дереу үйге жеткізіп береді. Рахметімді айтып, батамды беріп жатамын. Хат тасушы қыздарға менің өтінішімді жеткізіңіздерші, газетімізді пошта жәшігіне салып кетсе, оған ешкім тиіспейді. Керісінше, барлығы құрметпен қарайды», – дейді апамыз.

«Расында да, хат-хабар жәшігін көбінесе егде жастағы ата-апаларымыз қолданады. Қазіргі таңда газет оқытандар да солар. Дейтұрғанмен, әрбір мекенжайға тиесілі газет пен хатты жеткізу оңай шаруа емес. Қолайсыз ауа райын былай қойғанда, діттеген жеріне жеткен кезде, арнайы кодпен ашылатын есіктерге басылымдар мен сәлемхаттарды қалдыру қиын. Адамдардың көбі үйінде бола бермейді, сондықтан есігіне қыстырып кетуге мәжбүрміз», – дейді пошташы қыздар.

P.S.: Иә, газетте жазылмайтын сала, көтерілмейтін тақырып болмайды. Мұны жақсы білетін біздің оқырмандарымыз сүйікті газетінен әлі де қол үзбей оқып келеді. Демек, 80-нің сенгіріне шықса да, сергек көңілімен газет оқитын Зейнеп апа көпке үлгі! Өйткені, халыққа әлеуметтік желілердің жарыса жарнамалайтын жаға ұстатар жағымсыз жаңалығы емес, керісінше, жаныңды жадыратып, рухани азық беретін танымдық дүниелер керек!

Ендеше, кез келген басылымды уақытында оқырманға жеткізу – пошта қызметкерлерінің міндеті. Өйткені, газет оқырманымен ғана құнды һәм ғұмырлы!



ӘЛЕМ ЖӘНЕ ПАНДЕМИЯ

БӘРІМІЗ «ҚЫЗЫЛ АЙМАҚТАМЫЗ»

ҚАЗАҚСТАН Үкіметі жанындағы коронавирустың таралуына жол бермеу жөніндегі ведомстваралық комиссия 2 тамыздағы жағдай бойынша өңірлердегі эпидемиологиялық ахуалды бағалау матрицасын жариялады. «Қызыл аймақта»: Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалалары, Ақмола, Ақтөбе, Алматы, Атырау, Батыс Қазақстан, Жамбыл, Қарағанды, Қостанай, Қызылорда, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан және Шығыс Қазақстан облыстары.

Сонда Қазақстанның барлық өңірі «қызыл аймақта» тұр.

Жалпы, америкалық ғалымдар әлемде вакцинаға қарсы адамдар саны қолдаушыларға қарағанда аз екенін айтады.

ЧЕХИЯ билігі індеттің беті қайтып, науқастар саны азая бастады деп қуанып отыр. Енді бұл елде үй-күйсіз жүрген жандарды вакциналау бағдарламасы жүзеге асырылуда. Баспанасы жоқ, көше кезгендер вирусты тарататын топ саналып келген.

Белсенділер Прагада тағдыр талкегіне ұшыраған осындай адамдарға арналған жылжымалы вакциналау пунктін ашқан. Ал кешегі күннен бастап дәрігерлермен волонтерлерден құрылған топтар кезбелер



ГЕРМАНИЯ тұрғындарының тең жартысы толықтай вакцина алған. Бұл елде 84 млн. адам тұрады. Жаппай вакциналау науқаны маусымда басталған еді. Ересектермен бірге 12 жастан асқан жасөспірімдерге де екпе салынып жатыр. Жергілікті дәрігерлердің мәлімдеуінше, осы қарқын сақталса, қазан айының соңында елде ұжымдық иммунитет қалыптасуға тиіс. Дегенмен, мамандар күзде індеттің «төртінші толқыны» басталуы мүмкін деп отыр.

РЕСЕЙ тұрғыны КВИ-ге қарсы вакцина туралы жалған ақпарат таратқаны үшін 30 мың рубль айыппұл төлеген. Ол Телеграм каналдардың бірінде вакцинадан кейін ерлер белсіздікке ұшырайды деп жазған. Жалпы, Ресейде коронавирус пен вакцинаға қатысты мыңдаған жалған ақпарат анықтаған. Сондай ақпарат таратқандар үшін айыппұлдан бөлек, 3 жылға дейін бас бостандығынан айыру жазасы да бар.

ОҢТҮСТІК КОРЕЯ елінде екпе туралы жалған ақпарат таратқандар 7 жылға дейін сотталуы мүмкін. Немесе 50 млн. вона төлейді. Бұл 18 млн. теңгенің шамасы. Ал Израильде Денсаулық сақтау министрлігі жанынан жалған ақпаратпен күресетін арнайы топ жұмыс істейді.

тұратын арнайы лагерьлерге барып, оларға көмек көрсетіп жатыр.

КАМБОДЖА жерінде 12–17 жас аралығындағы жасөспірімдерге корона-вирускқа қарсы екпе салына бастады. Балаларға британдық «Астра-Зенека» мен қытайлық «Сино-вак» вакцинасын егу көзделген. Бұдан бөлек, жуырда жергілікті дәрігерлерге КВИ-ге қарсы екпенің үшінші дозасы ұсынылмақ. Мұндай шара елдегі эпидемиологиялық байланысты шарасыздықтан қабылданып отыр. Соңғы уақытта бұл елде де «дельта» өршіп кеткен.

ТАИЛАНД мәйітханаларында орын жетпей жатқан көрінеді.

Ал ковидтен көз жұмғандардың мәйітін аурухана жанында орнатылған тоңазытқыш-контейнерлерде ұстауға тура келуде.

Бұл елде қазір «дельта» жылдам тарап барады. Бір күнде 20 мыңға жуық адам жұқтыруда, ал бір күндегі кісі өлімі 200-ге жуықтаған. Тіпті, емхана-ауруханаларда да науқастарды жатқызатын орын жетпей жатқан көрінеді. Сондықтан ел астана-сындағы халықаралық әуежай ғимараты КВИ жұқтырған науқастарға арналған уақытша госпитальге айналды.

Нұр ЖАМАЛ.



«МЕН ЕКПЕ АЛДЫМ»

Жанболат ТЕМІРҒАЛИЕВ,
қала тұрғыны:



– Ислам дінінде адамның өмірі мен денсаулығынан асқан құндылық жоқ. Сондықтан әрбір адам өз денсаулығына аса мән беруі қажет деген сөз бар. Сол үшін кез келген адам емделуі және аурудың алдын алу жолдарын қарастыруы тиіс. Арнайы медицина мамандары қазіргі таңда әлемге қауіп төндірген коронавирус індетінің алдын алу үшін вакцинациялаудың адам денсаулығын сақтап қалуға қауіпсіз және тиімді әдіс екенін айтуда. Ал шарият бойынша зәру жағдайда екпе салуға болады.

Алайда, екпе салдыру – әр азаматтың өз еркі. Өздеріңізге белгілі, әлемде және елімізде пандемиялық жағдай күн сайын күрделенуде. Бұл жағдай екпе салдыруға қатысты оң шешім қабылдау қажеттігін көрсетіп отыр. Осы ретте халықты барынша сақтанып, денсаулығымыз бен өмірімізді сақтап қалу үшін екпе салдыруға үндеймін.

Асыл АСЫЛБЕКҚЫЗЫ,
көпбалалы ана:



– Бүгін екпенің екінші дозасын алғаным 3 апта болды. Ресейлік «Спутник V» вакцинасын салдырдым. Екпе алу – менің ерікті, саналы түрдегі таңдауым. Себебі, екпе алып қорғаныста жүру әрбір азаматтың қоғам алдындағы міндеті. Өзім көпшілік орында жұмыс істеймін. Оларға қауіпті індетті жұқтырып, отбасына, балаларына зияным тигенін қаламаймын. Екпе жайында фейк ақпараттар көбейіп кетті. Денсаулыққа зиян келтіреді дегендей сөздер де болды. Алайда, қазіргі таңда ешқандай да өзгерістер байқамадым. Керісінше, өзімді сергек сезініп, тұмау тисе де жеңіл өтіп кететін болды. «Вирусты тоқтатудың жалғыз жолы – екпе алу» дегенді естіп жүрміз. Аурумен әлем болып күресудеміз. Бұл ретте әркімнің өзіне тиесілі жауапкершілікті алғаны маңызды деп санаймын.

«Толқынға» төтеп берер жол



Нұржамал
ӘЛШЕВА



Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының төрағасы, белгілі акын Ұлықбек Есдәулет алматылықтарды коронавирускқа қарсы екпе алуға шақырды.

Ол Алматының ұзақ жылдардан бері Қазақстанның мәдени астанасы болып саналатынын, сондықтан шығармашылық кәсіп иелерінің барлық өкілі оқырман мен көрермендерге қуаныш сыйлау үшін қалыпты өмір салтына оралуды армандайтынын айтты.

Той тоқтатылды



Ақтолықын
ТҮРЛЫҒАЗЫ

Шаһарда мониторинг топ өкілдері күшейтілген режимде жұмыс істеуде. Олар кешегі демалыста да кәсіпкерлік нысандарға арнайы тексеріс жүргізді. Нәтижесінде карантиндік талаптарды бұзған мекемелерді жауапқа тартты.

COVID-19 індетімен ауырған науқастардың саны өскелі кейбір тұрғындар босаңси бастаған, яғни той тойлауды, көпшілік жиі бас қосатын орындарда көңіл көтеруді тоқтатар емес. Мәселен, демалыс күндері инспекторлар Медеу ауданына қарасты «Игілік сарайы» мейрамханасында өткен үйлену тойын анықтаған. Оған 150-ге жуық адам жиналып, талапқа қайшы әрекет еткен. Дер кезінде үйлену тойы тоқтатылып, қонақтармен түсіндіру жұмыстары жүргізілді. «Ashyq» жобасының қатысушысы «Игілік сарайының» иесіне айыппұл салынған.

Сондай-ақ, Бөгенбай батыр көшесінің бойында орналасқан «Золотая овечка» кафе-сіндегі 50 адамға арналған тағы бір той тоқтатылып, жауапқа тартылған. Карантин талаптарын бұзушылардың тізімін Мақатаев көшесіндегі «Kalyan steak house» мекемесі де толықтырды. Ондағы қызметкердің бетперде режимін сақтамағандығы анықталған. Бөген-



бай батыр көшесіндегі «La bouchon» мейрамханасының өкілдері де жұмыс режимін бұзса, Гоголь көшесіндегі «Loto club», Сәтбаев көшесіндегі «Social кофе» кофеханасы және «Саяхат» ауданындағы «Шафран» кафесі 100-ге жуық адам жинап, белгіленген тәртіпті елемеген.

Бұлай бейберекет ойын-сауық құрып жүре беретін болсақ, коронавирус індетіне тосқауыл бола алмасымыз анық. «Тәртіпке бағынған құл болмас», жақындарымызды ойлайық. Сактық іс-шараларына бей-жай қарамайық. Мониторинг топ өкілдері әлемде «дельта» штамы мен COVID-19-дың мутацияланған басқа да түрлерінің таралуына байланысты босаңсымауды талап етеді. Қалыпты өмір ырғағына оралу үшін қала тұрғындарының вакцина алу қажет екендігін де ескертеді.



БАТПАН ҚҰЙРЫҚ, ЖЕРДЕ ЖАТПАС



Гүлжанат
СЕМБАЕВА

Әлеуметтік желінің қай-қайсысында да жалған жарнаманың дәурені жүріп тұр. Әсіресе, карантинде әлеуметтік желі, сайт арқылы тауарға тапсырыс беруге сұраныс артқан. Мәселен, былтыр елімізде 14 мыңға жуық қылмыстық іс қозғалған. Интернет-дүкендердегі төмен бағадағы тауарларға қызыққандар төлем жасаған соң, алданғандарын кеш түсінеді.

Пандемия кезінде интернет арқылы тауарға тапсырыс беріп, алаяқтарға алданғандар көбейген. Алматылық Гүлжан Дулатқызы жалған жарнамаға алданып қалғандардың бірі. Осыдан бірнеше ай бұрын әлеуметтік желі арқылы басқа қаладағы интернет-дүкеннен онлайн түрде 90 мыңға жуық теңгеге бірнеше киімге тапсырыс берген. «Әлеуметтік желіде



жарнамасы жер жарған бұл дүкеннің оқырмандар саны көп болғандықтан, сенімді болып көрінді. Жарнамасы жалған болады-ау деген күдік болған жоқ. Менен тапсырыс алған адам жеткізуге төленетін, жалпы соманы толық жіберуімді сұрады. Осы жерде өзімнен де ағаттық кетті. Интернет дү-

кенді толық зерттемей, ақшаны аударып жібердім. Кейін ол адам байланысқа да шықпай, жоқ болып кетті. Қорқатыным, олар мен сияқты басқаларды да алдауы мүмкін», – дейді Гүлжан.

Жалған жарнама арқылы табысын еселейтіндерге қалай тұсау саламыз? Маманнан сұрап көрдік.

ИНТЕРНЕТТЕ САУДА ЖАСАРДА АЛДАНЫП ҚАЛМАУ ҮШІН НЕНІ БІЛУ КЕРЕК?

1. Интернет-дүкен туралы тұтынушылар қалдырған пікірлерді мұқият оқыңыз;
2. Дүкеннің мекенжайын тексеріп, телефоны көрсетілсе, хабарласып көріңіз;
3. Интернет-сауда жасайтын құрылғыңызға сенімді антивирус орнатыңыз, қосымшаларды, браузерді, операциялық жүйені жаңартып отырыңыз;
4. Сауда жасалған түбіртектегі тапсырыс берген затыңыз келгенше сақтаңыз, себебі, сапасыз болса, қайтарып беруге болады;
5. Алдын ала төлемге келіспеңіз;
6. Поштаңызға келген таныс емес сілтемені ашпай, бірден өшіріп тастауға тырысыңыз, себебі, вирус кіргізу арқылы жеке мәліметтеріңізді алуы мүмкін. Осы қарапайым, тиімді қағидаларды ұстансаңыз, ақшаңызды алаяқтардан сақтай аласыз. Соңғы мәліметтерге сәйкес, интернет желісінде алаяқтың бірнеше түрі анықталған. Мәселен, елімізде соңғы үш жыл аралығында ғаламторда жасалатын алаяқтың түрі 2-3 есе артқан. 2020 жылы 1700 қылмыс анықталып, 400-ден аса адам ұсталған болатын.

2021 жылдың бірінші жартысында полицейлер интернетте алаяқтық жасаудың 6824 фактісін тіркеді. «Алаяқтық» бабы бойынша 4000 іс тіркелген. Бұл алдыңғы жылмен салыстырғанда 30 пайызға артқан. Олардың 1800-і интернеттегі алаяқтарға қатысты.



**Жазира
МЕНДИХАНҚЫЗЫ,
заңгер:**

– Негізі, жалған жарнамаға алданудың өзі сауатсыздықтан болады. Жалған жарнама бүгінде әлеуметтік желіде, әртүрлі қоғамдық орындарда өте көп. Жарнаманың жалған немесе рас екені толық тексерілмей, БАҚ-та немесе ғаламторда жарияланып жатады. Әлеуметтік желідегі жарнаманы халыққа танымал, беделі бар адамдар жарнамалайды. Сол үшін қарапайым халық оның жалған немесе шынайы екенін аңғармайды, тіпті, тексеруге де тырыспайды. Кейбір кәсіпорындар өз кәсіптерін табысты жүргізу үшін «біз Әділет департаментінде тіркелгенбіз» деп тіркеу туралы куәлігін көрсетеді. Көпшілігі осы құжатқа сеніп, алданып қалып жатады. Қандай саладағы компания, қаржылық пирамида ма деген сауалдар тұрғысынан Әділет департаменті тексермейді.

Қазіргі кезде көбінесе құлақ тазалайтын құрылғы, ауруды емдейтін қымбат дәрі-дәрмектер туралы жарнамалардың дені

жалған. Екіншіден, әлеуметтік желі арқылы онлайн тапсырыс қабылдайтын интернет-дүкендер жарнамасын тұтынушыны тартып, қызықты етіп жасағанымен, олардың кейбірі жалған болып жатады. Ондай жарнамаға алданып, қомақты ақша аударып, кейін сан соғып қалатындардың да саны азаймай тұр. Өз басым онлайн тауарларға тапсырыс бермеймін. Кез келген тауарды көзіңмен көріп, қолыңмен ұстап алғанға ештеңе жетпейді. Кейбір интернет-дүкендер «тауар ұнамаса кері өткізе аласыз» деп жазып жатады. Тауарыңыз пошта арқылы сізге келді делік, бірақ ол зат ұнамаса, пошта кері алмайды. Осындай мәселелер бойынша, яғни ақшасын кері қайтара алмай жүргендер заңгерлік көмекке көп келіп жатады. Қайда бару керектігін, не істеу керектігін, арызды қалай жазуды бағыттаймыз. Алданған тұлғаның ақшасын қайтарып алу үшін уақыты да, көп қаражаты да кетеді. Сондықтан көпшілігі қолын бір сілтеп, «бас садақасы» деп, істі жылы жауып қоя салады. Бір өкініштісі, жазылған арыз бойынша жалған жарнама жасаушыларды алаяқтыққа жатқызбай, олар соның кесірінен жазадан сытылып кетіп жатады. Жалған жарнаманың етек алуы содан болуы әбден мүмкін.



**Перизат
БАУЫРЖАН,
қаржыгер:**

– Қоғамда «қаржылық білімді тек экономистер мен қаржыгерлер ғана оқу керек» деген түсінік қалыптасып кеткен. Сол себепті, көпшілігімізде қаржылық қиыншылықтар кездесіп жатады. Ғаламтор арқылы жарнама беріп, ақшасын аудартып, соңында не ақша, не тапсырыс берген затыңызды ала алмай жатқан жағдайлар күн өте келе көбейіп келеді. Олар алдымен белгілі бір затты жарнамалап, хабарласқан тұтынушының сеніміне әбден кіріп алып, ақшасын өзінің шотына аудартады. Артынан тіркелмеген телефон нөмірді мүлдем өшіріп тастап, адамды сан соқтырып кетеді. Сондықтан әлеуметтік желіде көп отыратындар аса сақ болған жөн. Елімізде көп кездесетін алаяқтық түрлеріне: интернет-дүкенмен байланысты алаяқтар, фишинг, интернет арқылы қайыр сұрау, телефон арқылы алаяқтар,

СМС-алаяқтар, интернет-банкінг арқылы жасалатын қылмыстар жатады. Нақты түсінікті болу үшін мысал ретінде көрсеткен жөн болар. Мысалы, қазіргі кезде біз сататын затымызды ғаламтор арқылы жариялап жатамыз. Бір оқиғамен бөлісе кетейін. Бір құрбым ұялы телефонын интернет арқылы сатуға қойды. Содан бір тұтынушы хабарласып, сатылатын телефон туралы ақпарат алатын болып келісті. Бірақ тұтынушы басқа қаладан үш күннен кейін келетінін айтып, ұялы телефон сатылып кетпеу үшін тауардың 30 пайызын төлеп қою үшін құрбымнан карта нөмірін сұрады. Содан сәлден кейін құрбыма тағы хабарласып: «мен сізге ақша аудардым, қазір сізге хабарлама арқылы сандар келеді, соны маған айтып жіберсеңіз, сол кезде сізге ақша түседі» деген. Бірақ құрбым бұл жерде бір гәп барын түсініп, бірден ұялы телефонын қоя салады. Міне, осындай алаяқтықтар жетіп-артылады. Егер құрбым сол келген хабарламадағы сандарды жібергенде, кілт арқылы құрбымның интернет-банкінгіне кіріп, оның есепшоты бойынша кез келген операцияны жасай беруіне болады.



МОРАЛЬДІҢ БІР ӨЛШЕМІ

Жануарларды қорғауға қатысты мәселе назарда болуға тиіс



Айым
НҮРМАН

Күні кеше «Алтын Орда» базарынан 31 мысықтың өлімші күйде табылғаны жұртты біраз алаңдатты. Мұндай қатыгездікке жол бергендерге қатаң шара қолданылмай тұр.

Қазір жануарларға жасалған қатыгездікті көрсететін видеолар

көбейіп кетті. Мұндай оқиғалар жануарларды қорғау заң жүзінде ақсап тұрғанын көрсетеді. Дегенмен, Алматыда жануарларға мейіріммен қарап, олардың жағдайы үшін алаңдайтын еріктілер қатары көбейіп жатыр. Олардың айтуынша, бізде шектеу көп. «Жануарлармен серуендеуге ыңғайлы арнайы парк, скверлер жоқ. Алматыда үй жануарларымен кіруге болатын санаулы ғана мей-

рамхана бар», – дейді Әуезов ауданының тұрғыны Елена. Алайда, оның да өзіндік талаптары мен ережелері бар. Мысалы, тамақтану орындарының бірі 60 см.-ден аспайтын шағын көлемдегі ит-мысықтарға ғана рұқсат етсе, кейбірі тұқымына қарай кіргізеді. Тұрғындардың айтуынша, ит-мысыққа арналған арнайы ойын алаңы бар демалыс орны жоқтың қасы.

Қуантар ӘЛИХАНОВ, ветеринар:

– Ветеринария мен мал шаруашылығы мәселелерін мемлекеттің араласуынсыз реттеу, жануарды аяусыз қорлауды тоқтату мүмкін емес. Махатма Гандидің: «Әрбір ұлттың моральдік даму үдерісін жануарларға қалай қарайтындығы арқылы білуге болады», – деген сөзі бар. Расымен, ойлануға тұрарлық мәселе. ҚР Азаматтық кодексіне үңілетін болсақ, жануарлар «меншік затына» теңелген. Ал жабайы аңдар «табиғи ресурстар» ретінде қоршаған ортаны қорғау негізінде мемлекеттің меншігінде болып есептеледі. Ендеше, оларды қорғаудың заң шеңберіндегі тәртібі бар. Алматыда 2018 жылдың басында қабылданған үй жануарларын серуендету ережесі енгізілген. Ол жануарды күтіп-бағуға жауапкершілікті арттыруды көздейді. Дегенмен, ереженің қайта қарауды қажет ететін тұстары жоқ емес. Қазір бізге жануарларды қорғауға қатысты мәселені басты назарға алу қажеттігі туып тұр.



Жадыңызда жүрсін

ҚР Қылмыстық кодексінде көрсетілгендей, «Жануарларға қатыгездік жасау» бабы бойынша, жануарлардың өлуіне немесе мертігуіне әкеліп соққан қатыгездік, бұзақылық жас балалардың көз алдында жасалса – 120 айлық көрсеткішпен айыппұл төлеу немесе 30 тәулікке қамауға алу жазасы қолданылады. Ал егер топтық, арнайы, алдын ала келісілген түрде немесе бірнеше мәрте қайталанып жасалған жағдайда – 200 айлық есептік көрсеткішке дейін айыппұл салынады немесе 50 тәулікке дейін қамауға алынады.



Қайыр сұрау кәсіп пе?



Алматы қаласы тіршілігі қайнаған қазан іспеттес. Мәдениеттің, қаржының ордасына айналғанмен, ығы-жығы жиналған халқының тағдыры әрқилы. Әсіресе, соңғы уақытта тіленшілердің қатары көбейіп келеді. Жұма күндері мешіт алаңдарынан өте қалсақ болды, алақан жайып, қайыр-садақа сұраушыларды жиі көзіміз шалады.



Айжан БҮРКІТБАЕВА

Олардың арасынан зағип жандар мен жарымжан адамдарды, көпбалалы аналарды, ақ сақалды, ақ жаулықты ата-әжелер мен қойнына емізулі баласын қымтап алған әйелдермен қатар, тұла бойы тіп-тік, жұмыс істеуге қабілетті ер-азаматтарды да кездестіреміз. Әсіресе, «Тастақ» базары, Төле би–Түркебаев көшесі мен Розыбакиев–Жандосов көшелеріндегі мешіттердің айналасында қайыршылар толып жүр.

Ішкі істер министрлігінің мәліметіне сәйкес, пандемияға дейін тиын-тебен сұрайтындардың 80 пайызы Тәжікстан елінен келген азаматтар екені анықталған. Алайда, індеттің өршуі шетелдік тілемсектердің қатарын сейілтті. Қазір қол жайып отырғандардың дені – өз еліміздің азаматтары.

Осы тұрғыда заңгер-адвокат Шолпан Айымбетова жеңіл ақша

табуды көздегендер қайыршылықты кәсіп етіп алған дейді. Айтуынша, оңай олжаға еттерін үйретіп алған аяқ-қолы бүтін тіленшілер жұмыс істеуге құлықсыз.

«Әркімнің тағдыры әрқилы ғой. Қайыр сұрап отырғандардың біразы еңбек етіп, жан бағуға қауқары жоқ болғасын амалсыздан қол жайып, тиын-тебен сұрауға мәжбүр. Мұндай кемтар жандар қайыр сұрауға мұқтаж десек те болады. Ал аяқ-қолы балғадай ер-азаматтарымыз қынжылмастан алақан жайып отырғанда, жаным ауырады. Қазақтың жауға қарсы тұратын батыр ұлдары екі қолға бір күрек іздеп, нәпақасын табудан қашады. Қайыршыларға арналған нақты заң жоқ. Сондықтан олардың қарасы күн санап артуда. Құқық қорғау қызметкерлері ұстап алып кеткеннің өзінде, әрі кетсе 2-3 сағат ұстап, шамамен 5 АЕК көлемінде айыппұл салып, бостандыққа жібереді», – дейді заңгер.



Момышұлы көшесінен көтеріліп келе жатып, «Спутник» сауда орталығының жанында алақан жайып отырған Зере есімді үлкен әжейді көріп, жанына бардық. Хал-жағдайын сұрап, қайыр сұрауының себебін білгенбіз. Жалғыз тұяғы мен жары дүниеден озып, өзі жалғыз қалыпты. Көзі дұрыс көрмейді екен. Дәрі-дәрмегіне ақшасы жетпегендіктен, осы жерге келіп, тиын-тебен сұрайтынын айтады. Бастанқыда Алматыдағы танымал «жетім бұрышты», «Тастақ» базарының жанын жағалаған екен, аталған жердің «жергілікті» немесе «тұрақты» қайыршылары жолатпай қойыпты. «Бұл – біздің бизнесіміз» деп айтатын көрінеді. Амалсыздан, адам жүрсе болғаны деп, Момышұлы көшесінен қоныс тапқан. Айтпағымыз, «біреу тонып секіреді, біреу тойып секіреді» демекші, қайыр сұрау әлдекімге мұқтаждық болса, кейбіреулер оны еріккеннің ермегі етіп жүр. Демек, заңсыздыққа тосқауыл керек.



ЖАҢА КІТАП

Нәубетті жылдар жаңғырығы



Айым НҮРМАН

Бақытжан Бердәулетовтің 1937-1938 жылдардағы репрессия мен 20-жылдардағы «қашқындар» – қазақтың өзге елдерге үдере көшуі жайын өзінің өмірімен ұштастыра баяндайтын «Преодоление» атты кітабы жарыққа шықты.

Бұл өмірбаяндық кітабында автор «халық жауы» деген жалған айып тағылып, Сібірге жер аударылған әкесі туралы, қазақ халқының геноцидінен аман қалған анасы туралы айтады.

Бақытжан Бердәулетов – ел медицинасының дамуына үлес қосып, талай науқастың аяқтан тұруына септігі тиген дәрігер. «Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау ісінің үздігі» атанған ол, бар ғұмырын еліміздің дәрігерлік саласына арнаған. Көпшілік оны белгілі ғалым, танымал хирург, өз ісінің шебері, еңбегімен ел құрметіне бөленген абзал азамат ретінде жақсы біледі.



Әкесінің репрессияға ұшырауы оның өміріне қалай әсер еткені кітапта кеңінен суреттеледі. Ол ауыр балалық шағы мен қиын тағдырына қарамастан, өмір жолында кездескен барлық кедергілерді еңсеріп, өз мақсатына қол жеткізеді.

«Мерген»

шетелдік байқауда бақ сынамақ



Гүлжанат СЕМБАЕВА

Режиссер-дебютант Райымбек Әлжановтың «Мерген» қысқаметражды фильмі жанрлық киноларға арналған әлемдегі беделді фестивальдердің бірі – халықаралық Fantasia кинофестиваліне қатысады.

Аталған кино байқау 2–25 тамыз аралығында Канадада өтеді. Кинотуындыны ҚР Мәдениет және спорт министрлігі тапсырысы бойынша «Ұлттық киноны қолдау орталығы» КЕАҚ қолдауымен Ш.Айманов атындағы «Қазақфильм» АҚ түсірген.

«Мерген» фильмінің алғашқы көрсетілімі Fantasia кинофестивалі шеңберінде өтетініне өте қуаныштымыз. Монтаждау жұмыстары аяқтала салысымен фильмді осы байқауға жібердік. Осы орайда, маған қолдау білдіріп, фильмнің шығуына атсалысқан барлық түсіру тобына ерекше алғысымды білдіргім келеді, – дейді режиссер Райымбек Әлжанов.

Фильмнің оқиғасы XVII ғасырдағы Ұлы даладағы соғыс кезінде өрбиді.

Аталған фильмде жас та болса, қолына қару алып, отбасын қорғауға бел буған Мерген есімді баланың өмірі баяндалады. Фильмдегі басты рөлді Әлихан Әби сомдайды. Сондай-ақ, бұл картинаға Райхан Айтқожанова және Дулыға



Ақмолда сынды танымал актерлер түскен. Фильмнің түсіру жұмыстары Алматы облысындағы Түрген шатқалында және «Қазақфильм» павильондарында жүргізілді. Осымен 25-ші рет өткізіліп жатқан Fantasia халықаралық кинофестивалі – әлемдегі жанрлық фильмдерге арналған бірден-бір байқау. Аталған кинофестивальдің Radical Spirit атты қысқаметражды фильмдерге арналған байқауында қазақстандық кинотуындымен бірге Ұлыбритания, Мексика, Австралия, АҚШ, Қытай және Оңтүстік Корея туындылары бақ сынамақ.



ШАРИФАТТА ҚАЛАЙ?

Қайырбек ОТЫЗБАЕВ, дінтанушы:

«Құран аяты бізге: «Алла сендерге өз мәрхаметінен түнді тынығу, күндізді кеңшілігін (риздық) іздеулерің үшін жаратты. Әрине, шүкіршілік етерсіңдер» («Қасас» сүресі, 73-аят) деуі арқылы тірі адам тіршілік ету керек екендігін жеткізген. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) өзі адамдардың қайыр сұрауын ұнатпаған. Тіпті, Пайғамбарымыз (с.ғ.с.): «Сіздерден біреулеріңіз қолына арқан алып, бір арқа отын әкеліп сатуы және Алла Тағаланың ол құлына деген құрмет етуі, әлбетте, қайыршылықтан әлдеқайда жақсы», – деп қайыршылық амалдан қашық болуға шақырған. Ансарлық (Меккеден Мәдинаға көшіп келген мұсылмандарға жәрдемдесушілер) сахабалардан бірі Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) келіп садақа сұрады. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оған: – Үйіңде бір нәрсе бар ма? – дейді. Әлгі кісі: – Иә, бір жамылғым бар. Оның жартысына жатамын да, қалған жартысын жамыламын. Ал бұдан бөлек су ішетін бір ғана торсығым бар, – деді сахаба. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) оған қарап: – Олай болса, әлгі айтқан заттарыңды осында алып кел! – деп бұйырды. Ол кісі дереу орнынан тұра сала жаңағы айтқан заттарын алып Пайғамбардың (с.ғ.с.) алдына алып келді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) әкелген заттарды қолына алып, көпшіліктің алдында: – Араларыңда мына заттарды сатып алатын адам жоқ па? – деді. Сол уақытта бір кісі: – Айтқан

заттарыңызды бір дирхамға мен-ақ сатып алайын, – деді. Мұны естіген Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) екі-үш мәрте: – Одан да артық бағаға алатын адам жоқ па? – деді сөзін қайталап. Бұл сөзді естіген бір кісі: – Екі дирхамға мен алайын, – деді. Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) дереу қолындағы заттарын екі дирхамға сатты. Содан ақшаны әлгі садақа сұраған кісінің қолына табыстап былай деді: – Бір дирхамына балаларыңа жейтін азық, келесі бір дирхамына арқан сатып ал да, сонымен нәпақанды айыр. Садақа сұрай келген ол кісі Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) айтқандарын бұлжытпай орындады. Араға он бес күн салып сол аралықта он дирхам пайда тапқандығын, оның бір бөлігіне киім, тағы бір бөлігіне ішіп-жейтін азық-түлік алғандығын Пайғамбарымызға (с.ғ.с.) қуана жеткізді. Осы сөзін күткен Пайғамбарымыз (с.ғ.с.) еңбек етуге ынталандыру мақсатында: – Міне, нәпақаны осылайша маңдай терді төгіп тұрып тапқан жақсы ма, болмаса қиямет күні маңдайыңда қайыршы деген мөрімен Алланың құзырына шыққан жақсы ма? – деп қайыршылықтан гөрі адал еңбекпен тапқан нанның дәмді, жұғымды, берекелі болатынын ескертсе керек. Шынында, дініміз адал жолмен кәсіп ете отырып, отбасын қамтамасыз етуге шақырады. Және оны гибадаттардың бір түріне жатқызады. Яғни ұрлық-қарлық жасау қандай күнәлі іс болса, маңдай термен нан табу да сондай сауапты амал болып табылады.



ТОКИО-2020

АҚТАЛМАҒАН ҮМІТ ДОДАСЫ

Токио Олимпиадасы бас-талғалы 11 күн өтті. Қазақстан құрамасы алғашқы үш күнде үш қола медаль алған соң, табыс атаулы құлақкесті тыйылғандай болып тұр. Бұл уақыт аралығында отандастарымыз барлық тартыста есе жіберіп жатқанын айтуға тиіспіз. Спорт түрлері бойынша жеке-жеке тоқталсақ, жағдай мынадай болып тұр.



КҮРЕС ТҮРЛЕРІ

Даңқың қайда төске өрлеген?..

Осы біз өзімізді балуан ел сезінетініміз бекер сияқты-ау... Токио кілемі қазақ балуандарына мүлде ыңғайсыз болып жатыр.

Алдымен Рио Олимпиадасының қола жүлдегері Эльмира Сыздықова (76 келі) сүрінді. Ол қырғыз қызы Айпері Медетқызынан ұпай санымен жеңілді – 1:8. Бұдан соң Айпері Лондон Олимпиадасының чемпионы, Рио Олимпиадасының күміс жүлдегері Наталья Воробьеваны (Ресей) таза жеңіп, жартылай финалға шықты да, америкалық Аделин Грейге бір ұпай айырмашылығымен есе жіберді. Сөйтіп, біздің Сыздықованың жүлдеден үміті үзілді.

Грек-рим күресінен небары үш жолдамамыз бар еді. Екеуінен еш жүлде ала алмадық. Алдымен 60 келідегі Мейрамбек Айнағұлов бос қайтты. Ол қырғыз Жо-



ламан Шәршенбековтен небары 2,5 минут ішінде таза жеңілді. Жоламан біздің балуанды ұршықша үйірді. Бірақ келесі белдесуінде Шәршенбеков молдован Виктор Чобанудан таза жеңілді де... Айнағұлов

жұбаныш белдесулерден де дәмелене алмайтын болып қалды.

Кеше таңертең Демеу Жадыраев сынға түсті. 77 келіде олимпиада кілемінде күресетіні соңғы сәттерде ғана белгілі болған балуан бірден жергілікті спортшыға тап болды. Сохеи Ябику соншалық атақты балуан емес еді, Демеу оны 3:1 есебімен жеңіп жатты да, белдесудің аяқталуына 50 секунд қалғанда 4 ұпайлық әдіске түсіп қалды. Ябику де көп ұзаған жоқ, келесі белдесуде әлем чемпионы Тамаш Лоринштен (Венгрия) жеңілді. Демек, Демеу де олжасыз оралады.

Бас бапкер Бақтияр Байсейітов балуандардың белдесуге құрған жоспарды мүлде орындамағанын айтады. Олимпиада кілемі өз білгенінді істей беретін ауылдың қара тулағы емес еді ғой...

Басқа балуандар жарысқа бүгін қосылады.

ЕСКЕКШІЛЕР


В финалына қанағат



Ескекшілеріміз о бастан үздіктер қатарында емес еді. Дегенмен, байдаркашы ардагер Наталья Сергееваның 200 метрге жеке жарыстағы нәтижесі тым төмен екенін мойындауымыз керек. Ол іріктеу кезеңінде өз тобында соңғы орында қалды (мәреге өзгелерден 4 секунд кейін жетті), ширек финалда да уақытын мүлде жаңарта алған жоқ. Енді Сергеева В финалында сынға түсіп, оннан кейінгі орындарды сарапқа салады.

Канозде 1000 метрге жұптасып жарысуда да ағайынды Емельяновтар финалға шыға алмады. Олар іріктеу кезеңінде де, ширек финалда да төртінші (бірақ тым төмен) нәтижемен В финалына ысырылды.

ЖЕҢІЛ АТЛЕТИКА



Жеңіл атлетикадан үкілеген үздігіміз Ольга Рыпакова үш секіру бағдарламасы бойынша іріктеуден өте алмады. Оның командаластары Ирина Ектова мен Мария Овчинникованың да жағдайы сондай. Рыпакова небәрі 13,69 метрге секірді. Бұл оның маусымдағы ең үздік нәтижесі еді. Бірақ финалға жолдама алған 12 үздіктің ең төмен көрсеткіші 14,21 м. болғанын ескерсек, Ольганың қаншалықты нашар нәтиже тіркегенін мойындаймыз. Ал Овчинникова – 12,34, Ектова 12,90 м. көрсетті. Бұл екеуі де маусым айындағы ел чемпионатында 14,34 және 14,32 м. бағындырған еді. Токиодағы психологиялық қысымға төтеп бере алмады ма әлде...

Рыпакова отандастарының қолдауын анық сезінгенін, алайда негізінен жанкүйер толы стадионда жақсы секіретінін айтып қалды. Кім біледі?.. Не десе де, даңқты спортшыға өкпеіміз жоқ. Ол үш олимпиадада жүлде алған тұңғыш отандасымыз болды. Токио Олимпиадасының ашылу салтанатында Ту ұстап шығып, Қамшыбек екеуі керемет үйлесімімен және әдемі киімімен әлем жұртын таңдай қақтырды.

Ал жеңіл атлетикада нағыз керемет болып жатыр. Талай жыл мұрты бұзылған рекордтар

сетінеп, олимпиада жылнамасы жаңарғанын сезіну де керемет. Үш секіруде Рыпакованың жолы болмаса да, оның басты қарсыластарының бірі Юлима Рохас (Венесуэла) айды аспанға бір-ақ шығарды. Ол 1995 жылдың 10 тамызында Гөтеборг (Швеция) қаласында украиналық Инесса Кравец жасаған әлем рекордын бірден 0,17 метрге жаңартты. Яғни бұрын 15,50 метрлік рекорд қазір 15,67 метрге дейін өзгерді. Ал күміс жүлдені – Патрисия Мамона (Португалия), қола жүлдені Ана Пелетейроның (Испания) иеленуін де сенсациялық жаңалық деуге болады. Олар К.Ибарген, К.Уильямс, Ш.Риккетс сияқты мықтыларды жолда қалдырды.

Биіктікке секіру сынында алтын медаль бөліске түсті. Катарлық Мұтаз Есса Башим мен италиялық Джанмарко Тамбери барлық мүмкіндікті бір ғана кезекпен сәтті орындап келді де, 2,37 метрден кейін тоқтады. 2,39 м. оларға да, беларусь Максим Недосековке де бағынған жоқ. Талап бойынша, екі үздік тағы бір рет секіріп көріп, алтынды сарапқа салуға тиіс еді. Бірақ олар алтынды бөліске салуға келісті де, екеуі де олимпиада чемпионы атанды. Міне, Токиода осындай қызықтар да болып жатыр.

БОКС

Мықтылар жанарымен жер шұқыды

Кез келген олимпиадада боксшыларымыздың ұятқа қалдырмайтынына әбден үйреніп алғандаймыз. Бірақ бұл жолы біздің былғары қолғап шеберлері білгенінен жаңылды. Әлем чемпионы Бекзат Нұрдәулетов (81 келі) алғашқы қарсыласы Имам Хатаевке (Ресей) есе жіберді. Қарсыласы сәл жылдам, сәл айлакер, сәл алымды болып шықты. Екінші раундта таразы басын өзіне аударғандай болғанмен, Нұрдәулетов шешуші кезеңде жарқын бокс үлгісін көрсете алған жоқ. Осылайша 2008 жылғы Бейжің Олимпиадасынан бері жүлдесіз қайтып көрмеген 81 келіде бұл жолы қоржынымыз бос болғалы тұр.

Серік Мақажанов (56 келі) америкалық Дюк Раганнан өте алмады. «Қазақтың алтын салмағында» сынға түскен Абылайхан



Жүсіпов (69 келі) төрт циклге созылған жеңіс жолына нүкте қойды. Оның жолын да америкалық боксшы (Д.Джонсон) кесті. Ал Василий Левиттің (91 келі) испаниялық Еммануель Рейестен

нокаутпен жеңілуі күтпеген жағдай болды. Бірақ Рейес те көп ұзаған жоқ, олимпиада чемпионы Хулио ла Крустен 1:4 есебімен ұтылды. Әзірше жартылай финалға жолдама алған капитан Қамшыбек Қоңқабаев (+91 келі) қана. Бүгін шаршы алаңға Сәкен Бибосынов (52 келі, қарсыласы – испаниялық Габриель Эскобар) және Зәкір Сафиуллин (63 келі, қарсыласы – австралиялық Гарри Гарсайд) шығып, жартылай финал жолдамасын сарапқа салады.

Қалай дегенде де, Токио Олимпиадасы қазақ боксшылары үшін сәтсіздей болып тұр. Әзірше 8 шебер ішінен біреуі ғана медальға ілінді, екеуінің жолына үмітпен қараймыз. Дегенмен, аз да болса саз болып, Лондон Олимпиадасындағыдай осы үш саядақ бір алтын, бір күміс және бір қола алса, тақиямызға тар келмес еді-ау...

ТЕННИС

Елена өз бақытына сенбеді ме?

Қазақстандық теннисшілер биылғы олимпиадаға үлкен құраммен барды. Ерлер арасында Михаил Кукушкин, Андрей Голубев, әйелдер арасында Ярослава Шведова, Юлия Путинцева, Зарина Диас, Елена Рыбакина Токиоға аттанды.

Иә, Кукушкин мен Голубев мықты қарсыластардан жеңілді, ал Токио қапырығына шыдамаған Шведова, Путинцева және Диас жеңіп жатып та жарыстан бас тартқаны өкінішті. Осылардың ішінен Рыбакина оза шапты. Ол әлемнің бұрынғы бірінші ракеткалары Саманта Стосур мен Гарбинье Мугурусаны кезек жеңгенде, олимпиада жүлдесі өз-өзінен алақанымызға түскендей қуанғанымыз рас.

Алайда, жартылай финалда Рыбакина жорғасынан жаңылды. Әдетте жылдам ойнайтын отандасымыз әр допты ұзақ іске қосып,



қарсыласы Белинда Бенчичке (Швейцария) көп мүмкіндік беріп қойғандай көрінді. Тіпті, бірінші сетте жеңіп тұрып жеңілсе де, екінші сетті екі доп айырмасымен алған соң, ары қарай ойын тізгінін босатпаса керек еді. Бірақ Бенчич жігер танытты, жеңісті жұлып алды. Ал қола жүлде үшін кездесуде Рыбакина

украиналық Элина Свитолоинадан жеңілді. Мұнда да Еленаның ойынды ерте аяқтап, қола жүлдені тағуға мүмкіндігі мол болды. Бірақ ол тағы да асықпай жүріп алды. Өзі мойындағандай, бар күш-жігері жартылай финалға жұмсалып кеткен сияқты. Ал украин қызы берместі тартып алды.

Осылайша Е.Рыбакина олимпиаданы төртінші сатыда аяқтады. Өрине, отандық теннис үшін бұл – керемет нәтиже. Алайда, Елена өз бақытына сенбей қалғандай көрінеді. Әдетте спортшылар кез келген турнирдің жартылай финалында жеңілсе, жарысты дереу доғарады. Үшінші орын үшін матч өткізілмейді. Рыбакина осы тұрғыда дайын болмаған сияқты. Әйтпесе, қолда тұрған қоланы берер ме еді?

Бетті дайындаған
Естен САБАЛАҚ

ОЛИМПИАДА ҚЫЗЫҚТАРЫ



Ерекше кимоно

**Ақтолық
ТҮРЛЫҒАЗЫ**

Жапондықтар олимпиада ойындарына қатысатын 106 елдің тарихына терең бойлауда.

Олай дейтініміз, 50 жастағы Йошимаса Такакура есімді дизайнердің еңбегі көпшілікті таңқалдырды. Ол мемлекеттердің мәдениетін, климатын зерттеген және табиғат сұлулығын, салт-дәстүрін кимоно матасына түсірген. Сәні мен салтанаты келіскен кимонолардың қатарында біздің ел де бар. Қазақстанды таныстыратын

матаның дизайнын 2016 жылы Кумико Мачида жасаған. Орталық Азияның кең-байтақ даласында шауып бара жатқан аттың бейнесі Қазақстан қайсарлығының символы іспеттес. Сол жақтағы жоғарыда орналасқан дөңгелек күн табиғатымыздың байлығын көрсетеді. Сондай-ақ, кимонода Қазақстанның кең байтақ даласы, Astana Expo-2017 көрмесінің символы – жел диірмен көрсетілген. Күншығыс елінің ұлттық киіміне бейнеленген туындылар Олимпиада ойындарының жабылу салтанатында көрсетілемек.

Қалдықтан өңделген медальдар



Жапония астанасында өтіп жатқан жазғы Олимпиада ойындарының жүлделері халықтан жиналған ескі смартфондар мен электрондық құрылғылардан әзірленген.

Әлемдік жарысты ұйымдастырушылар қалдық металл қабылдау науқанын 2017 жылы сәуірде Tokyo-2020 Medal Project деген атпен бастаған. Содан бері қарапайым жапондықтар, бизнесмендер, кәсіпорындар 6,21 млн. ескі мобильді телефон мен 79 985 тонна әртүрлі шағын электронды құрылғы сандық камера,

ноутбук және ойын құралдарын жинастырған. Жазғы ойындарды ұйымдастыру комитетінің мәліметіне жүгінсек, былтырғы жылдың маусымына дейін елден қабылданған гаджеттерден бас-аяғы 32 келі алтын, 2200 келі қола және 3500 келі күміс шыққан. Әр медальда Токио Олимпиадасының эмблемасы, артқы бөлігінде ежелгі гректердің құдайы Ника бейнеленген. Медаль дизайнын жапон Дзюньити Каваниси жасаған. Сонымен қатар, медальдардың әрқайсысының салмағы 550 граммды құрайды.

Ана капиталын қалыптастырсақ...

АА

Серік
ЖҰМАБАЕВ

Жақында ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Ерлан Смайылов елімізде ана капиталын енгізу туралы Үкіметке депутаттық сауал жолдады. Ол әр бала үшін 4 миллионнан аса қаржы беруді ұсынды.

Халық қалаулысының айтуынша, елімізде ана мен баланы қолдауға арналған түрлі жобалар тиісті деңгейде олардың өмір сүру жағдайына әсер етіп отырған жоқ. ЮНИСЕФ-тің зерттеуіне сүйенсек, елімізде балалардың 15,6 пайызы тұрмыс жағдайы төмен отбасылардан, яғни бұл дегеніміз – бір миллион баланы құрайды. «Мемлекет бір нәрсені анық түсінуі керек, бүгінгі кедей балалар, ол – ертеңгі кедей мемлекет», – деді ол.

Депутаттардың ұсынысы бойынша әлеуметтік төлемдерден енді адам капиталын енгізіп, әр баласы бар отбасыларға инвестиция жасау керек.

«Қазақстанда әр балаға 4,2 млн. теңге мөлшерінде мемлекеттік төлемді ана капиталы ретінде берген дұрыс. Бұл қаражатты әр ана



қажеттілігіне қарай баспана алуға, баланың білімін жетілдіруге немесе зейнетақы жинағына салуға құқылы болуы керек», – деді Е.Смайылов.

Депутаттың пікірінше, елімізде

ана мен баланың жағдайын жасауға қаражат барынша көп бөлінсе, кедейлік қана емес, балалар арасындағы аурулар мен зорлық-зомбылық та азаяды.

Шетелдік тәжірибе

Ана капиталы Ресейде 14 жыл бұрын енгізілген. Оларда 2007 жылдың 1 қаңтарынан бастап екінші және одан кейінгі балалар үшін ата-анаға беріледі. Осы жылдар ішінде Ресейде тоғыз миллионнан аса отбасы төлем алған. 2007 жылы үкімет екінші және одан кейінгі балаға 250 мың рубльден (сол кезде шамамен 5,2 миллион теңге) бере бастаған. Жыл сайын инфляция ескеріліп, бұл сома артып отырды. Мысалға 2012 жылы ана капиталы ретінде 387 мың рубльден (сол кезде шамамен 2 миллион теңге) берілген. 2015 жылы бұл сома 453 мың рубльге (шамамен 1,5 миллион теңге) жеткен. Содан бері отбасы тұңғышынан кейінгі әр баласы үшін осынша төлемақы алып келді.

Ал 2019 жылдан бері отбасына бірінші баласы үшін де төлемақы беріледі. Ресейліктер тұңғыш баласын дүниеге әкелсе, енді 466 мың рубль алады. Кейін екінші және одан кейінгі балалары үшін тағы 150 мың рубль беріледі. Яғни екі баланыз үшін 616 мың рубль аласыз. Жоспар бойынша, биыл ана капиталы тұңғыш балаға 485 мың, келесі жылы 504 мың рубль болады.

Мұндай тәжірибе Сауд Арабиясы, Ресей секілді т.б. көптеген мемлекеттерде бұрыннан қолданылып келеді. Аналарды бала санын көбейтуге ынталандыру үлгісі әр елде әрқалай жүзеге асырылады. Мәселен, Украинада туған әр балаға жер қойнауы байлығынан үлес тиетін болды. Олар банкте жеке депозиттік шотта жинақталады. Кәмелет жасына толғаннан кейін қаржыны Украинада жоғары білім алуға жұмсай алады. Демек, Украинада «экономикалық төлқұжаттар» енгізіліп, осы елде туған әр баланың 18 жасқа дейін жер қойнауын өндіру мен пайдаланудан үлес алатыны нақтыланды. Украина президенті Владимир Зеленский Конституцияға сәйкес жер қойнауы бүкіл Украина халқының меншігі екенін атап өтті. Ол осылай өзінің сайлау алдындағы уәделерінің бірін – Украинаға экономикалық төлқұжат енгізуді ұсынды.

Халық санын көбейту қажет

Қалай десек те, бізге де Ана капиталын енгізуді мемлекеттік деңгейде шешетін уақыт жетті. Төрт және одан да көп баланы өмірге әкелген отбасының кәмелетке толмаған әрбір сәбиіне 4 миллионнан аса қаражат аудару қажет. Бала кәмелеттік жасқа толған соң, ол ақшаны өсімімен бірге алып, оқуға түсуіне немесе пәтер алуға, қысқасы, өз қалауынша жұмсай алуы тиіс.

Біз қазір, ең алдымен, халқымыздың санын көбейтуді мақсат етіп отырғандықтан, демографияны көтеретін барлық іс-әрекеттерден бас тартпауымыз керек. Қазіргі таңда халқымыздың саны аз. Мұнайдан түсетін

табыспен салыстырғанда, біздің жас аналарға көрсетіп отырған көмегіміз де мардымсыз. Сондықтан Ұлттық қор секілді қор құрып, жаңадан туған балаларға арнап қаражат бөлінсе, нұр үстіне нұр болар еді. Біздің елдің

байлығы бұл жобаны іске асыруға толық жетеді. Және ол ақшаны бала кәмелеттік жасқа толған соң алып, грантка түсе алмай қалған жағдайда, ЖОО-ның ақылы бөлімінде оқуына мүмкіндігі болар еді. Сонда мемлекет, ең болмаса, әрбір баланың болашағын қамтамасыз етіп, маман атануына жағдай жасаған болады.

Қалай болғанда да, халық санын көбейтудің осындай іс-шараларын тез арада қолға алған жөн. Мәселен, еліміздің жері кең, бірақ халық саны аз. Халық санын көбейтпесек, осынау кең-байтақ жерімізге көз алартушылар көбейе береді. Сондай-ақ, тәуелсіздігімізді сақтап қалу үшін де халық санының неғұрлым көп болғаны керек. Әйтпесе, біздің экономикамыз дамыған сайын жан-жақтан ағылған гастербайтерлер көбейген үстіне көбейіп кету қаупі бар. Кезінде осындай жолмен Малайзияны қытайлар басып алған болатын. Алайда, әуіріміздеп Малайзия жұтылып кетуден аман қалды. Бұл жерде аталмыш ел халық санының аз болғаны үшін осындай жағдайға ұшырады. Бүгінгі күні дәл осы қауіп бізге төнуі әбден мүмкін. Сондықтан бұл – елімізге керек жоба. Сол үшін елімізде туған әрбір балаға қаражат бөлу кезек күттірмейуі тиіс.

Бұл жоба іске аса қалған жағдайда әрбір қазақ отбасынан қолдау тауып кетер еді. Өйткені, онсыз да халқымыз «балалы үй – базар, баласыз үй – ку мазар» деп баланы ерекше жақсы көреді. Ал көп баланы өмірге әкелуге көп жағдайда әлеуметтік жағдай қолбайлау болып жатады. Тек ендігі жерде осы бастама мемлекет тарапынан қолдау тауып кетсе болғаны.

ТҮЙІН

Ана капиталының басты мақсаты – елдегі демографияны өсіру. Көршілес Ресейде бұл жүйе әлдеқашан қолға алынған. Екінші баланы өмірге әкелген әрбір ресейлік отбасына 10 мың доллар беріледі және бұл ақша сол баланың кәмелеттік жасқа толғанын күтпестен беріле береді. Бізге де осы жүйе енгізілсе, әрбір отбасының әлеуметтік жағдайын көтеруге үлкен көмек болар еді.

СІЗ БІЛЕСІЗ БЕ?

Ең қымбат фри

АА

Айым
НҰРМАН

Нью-Йорктегі мейрамханадан бұл картоптың дәмін татқысы келетіндер 8-10 апталық күту парағына жазылып, кезекке тұрады.

Аталмыш мейрамхана 295 доллар тұратын ең қымбат бургерімен және 1000 доллар тұратын балмұздағымен



танымал. Шілде айында мейрамхана Гиннестің рекордтар кітабына үшінші рет кірді. 200 доллар тұратын әлемдегі ең қымбат фри үшін арнайы өсірілетін Chipperbeck картобы қолданылады. Картопка J.LeBlanc шампан сірке суы және Dom Perignon шампаны құйылып, содан кейін фридің сырты қытырлақ, ал іші ауызда ерітіндей болуы үшін таза қаз майына екі рет қуырып алады. Тағамның басты ерекшелігі – трюфель, яғни сирек кездесетін маусымдық саңырауқұлақ. Тағамды трюфель тұзы мен трюфель майымен хош иістендіріліп, жұқа кесілген трюфельдермен, орхидеялармен араластырады. Бетіне жеуге болатын алтын және қой сүтінен жасалған, үгітілген ірімшік себіліп, хрусталь тәрелкеге салынып беріледі.



«ҚАНДАС» БОЛУДЫҢ ҚЫР-СЫРЫ



Нұржамал
ӘЛШЕВА

Алматы қаласы Әлеуметтік әл-ауқат басқармасының көші-қон жүйелері бөлімі өз құзыреті шегінде халықтың көші-қоны саласындағы мемлекеттік саясатты іске асырады, соның ішінде: этникалық қазақтарға «Қандас мәртебесін беру немесе ұзарту» мемлекеттік қызметін көрсетіп, қандас куәлігін береді; осы мәртебені бір рет 6 айға ұзарту туралы шешім қабылдайды; Қазақстан Республикасының шет елдердегі мекемелерінен үміткерлердің қандас мәртебесін беруге және Қазақстанда тұрақты тұруға рұқсат алуға өтініштері мен құжаттарын қабылдайды; ҚР азаматтарының шет елдерде тұратын этникалық қазақтардың арасынан туыстарын Қазақстанға отбасын біріктіру

тәртіппен ҚР-ның азаматтығына құжаттарын тапсырса, 3 ай мерзімде азаматтықты ала алады.

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығымен 2021 жылға арналған қандастарды қабылдаудың өңірлік облыстары Ақмола, Шығыс Қазақстан, Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан болып белгіленді. Бұған Алматы қаласы енген емес. Егер қандастар, белгіленген квотаның аясында, аталған облыстарға көшіп баруға ниет жасаса, көші-қон заңдылықтарына сәйкес, әлеуметтік қолдаулармен қамтамасыз етіледі, жол шығындары өтеледі, көшіп келуге жәрдемақы беріледі. Жатақханамен немесе қызметтік баспанамен қамтамасыз ету қарастырылған, жаңа мекенжайға барғанда басқа мамандық алу үшін мамандығын жетілдіруге мүмкіндік беріледі, жұмыспен қамтуға жәрдемдесу шаралары ұсынылады. Ал Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкер-



мақсатында қоныстандыру үшін шақыртуларын куәландырады.

Қазақстан аумағына өз бетінше кірген этникалық қазақтар «Қандас мәртебесін беру немесе ұзартуға» өтінішті тұрақты тұратын жеріне келгеннен кейін, басқарма немесе Халыққа қызмет көрсету орталығы арқылы беруіне болады. Өтініш берушілер қандас мәртебесін ұзартқан кезде ҚР-ның азаматтығын жеңілдетілген тәртіппен алу мақсатында өтінішті және бұрын берілген қандас куәлігінің көшірмесін береді. Құжаттар салыстырып тексеру үшін түпнұсқалары да ұсынылады.

Басқарма өтініш берілген күннен бастап 4 күн ішінде этникалық қазақтар мен олардың отбасы мүшелеріне қандас мәртебесін береді немесе ұзартыады, қандас куәлігін береді не қандас мәртебесін беруден немесе ұзартудан уәжді түрде бас тартады.

Қандас куәлігі бір рет 1 жылға беріледі. Қандас статусын алған этникалық қазақтар ҚР азаматтығын тез арада алуына құқығы бар. Егер қандас азаматтыққа құжаттарын тапсырып үлгермесе, ҚР Халықтың көші-қон Заңының 21-бабы 2-тармағына сәйкес куәліктің мерзімі бір рет 6 айға ұзартылады. Осы жерде айта кететініміз, куәліктің мерзімі 6 айға ұзартылған кезде қандас-тарымыз азаматтыққа құжат тапсырып үлгеруі қажет. Себебі, осыдан кейін куәліктің мерзімі екінші рет мүлде ұзартылмайды.

Қандас куәлігін алған қандастар бір жылдың ішінде ІІД Көші-қон қызмет басқармасына барып, жеңілдетілген

лікті дамытудың 2017–2021 жылдарға арналған «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде субсидиялар беріледі.

Сондай-ақ, Қазақстан азаматтары шет елдерде тұратын этникалық қазақ туыстарын елімізге отбасын біріктіру мақсатында қоныстандыру үшін шақыртуларын жібере алады. Ескеретін жәйт, өтініш білдіретін адам ҚР азаматы болуы тиіс. Мысалы, шақыру қағазын Қытай Халық Республикасына жіберу үшін Алматы қалалық СІМ Консулдық қызмет бөлімінде және Алматы қаласындағы Қытай Халық Республикасының консуллығына куәландыру үшін жіберіледі.

Қандас мәртебесін беруге және (немесе) қандастарды қабылдаудың өңірлік квотасына енгізуге келісім алған этникалық қазақтар және олардың отбасы мүшелері, сондай-ақ қандас және олардың отбасы мүшелері Қазақстан аумағына келген кезде ҚР-ның халықаралық шарттарына және (немесе) кеден заңнамасына сәйкес, көлік құралдарын қоса алғанда, жеке пайдалануға арналған мүлкіне кедендік төлемдерді төлеуден босатылады.

Қандас мәртебесін алған адамдар мен олардың отбасы мүшелері де мемлекеттік қолдауға ие болады.

Осы тақырып шеңберіндегі толық ақпаратты Алматы қаласы Әлеуметтік әл-ауқат басқармасының көші-қон жүйелері бөлімінен ала аласыздар.



Жинақты алу жолдары

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры зейнеткерлік жасқа толған адамдардың (ерлер – 63 жас, әйелдер – 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап – 60 жас), сондай-ақ, мерзімсіз уақытқа белгіленген І және ІІ топтағы мүгедектігі бар адамдардың аталған қордан міндетті зейнетақы жарналарының (МЗЖ, МКЗЖ) түрлері есебінен зейнетақы төлемдерін алу құқығы бар екенін еске салады.

Мемлекеттік бюджеттен және БЖЗҚ-дан жасына байланысты зейнетақы төлемдерін тағайындауға берілетін өтініштер «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының (ХҚКО) бөлімшелеріне беріледі. Егер адам зейнет жасына жетсе және БЖЗҚ-да зейнетақы жинақтары бар, бірақ төлем алуға өтініш бермесе, онда ол қызметті проактивті форматта ала алады.

Бұл қалай жұмыс істейді? БЖЗҚ «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясымен мемлекеттік бюджеттен тағайындалған зейнетақы төлемдерінің (базалық және ортақ зейнетақы) болуын салыстырып тексеру жүргізеді. Егер кез келген азаматтың зейнетақыны мемлекеттік бюджеттен алатыны, бірақ БЖЗҚ-дан төлем алмайтыны туралы ақпарат анықталған жағдайда, зейнетақы жинақтары бола тұра, онда ол тұлғаға қызметті өтінішсіз алу ұсынысымен sms-хабарлама жіберіледі. Жауап sms-хабарлама арқылы расталып, алушының келісімін алған

жағдайда, мемлекеттік корпорация электрондық өтінімдерді қалыптастырады және электрондық хабарламаларды алушының қатысуынсыз БЖЗҚ-ға дербес жібереді. Яғни мемлекеттік корпорацияның кеңселеріне келмей-ақ қызметті қашықтан (онлайн) алу қарастырылған.

Мерзімсіз уақытқа белгіленген І және ІІ топтағы мүгедектігі бар адамдар БЖЗҚ-дан зейнетақы төлемдерін алу үшін Қорға жүгінеді. Өтінімді www.enpf.kz сайтындағы «Жеке кабинетте» беруге болады. «Зейнетақы төлемдерін тағайындау туралы өтініш беру» бөлімінде ЭЦҚ көмегімен немесе қызмет көрсету кеңселеріне жүгіну қажет.

Карантин жағдайында қордың бөлімшелері алдын ала жазылу бойынша күндізгі режимде жұмыс істейді. Қор бөлімшесіне жазылу enpf.kz сайтындағы «Электрондық қызмет көрсету» бөлімінде, одан әрі «Қызмет көрсетуге кезек брондау» баннерін басу арқылы жүзеге асады.

Зейнетақы төлемдерін алушы құжаттарды ХҚКО-ға өтінішпен бірге зейнет жасына жеткен күнге дейін 10 күн бұрын беруге құқылы.

Қордан төленетін зейнетақы төлемдері өтініш берілген күннен бастап тағайындалады және зейнетақы жинақтары таусылғанға дейін жүзеге асырылады.

Нұр ЖАМАЛ.



«Almaty aqshamy» мен Алматы қалалық Халықты жұмыспен қамту орталығының бірлескен жобасы

БОС ЖҰМЫС ОРЫНДАРЫН ҰСЫНАМЫЗ

«Almaty Resort» санаторийіне:

– аспаздар;
– ағаш ұсталары;
– тігіншілер;
– горничныйлар;
– ыдыс жуушылар;
– клинерлер;
– химиялық тазалау қызметкері керек.
Тел.: 8 701 794 90 56.
Асқаров көшесі, 2-үй.

«БИЖАН» ет өңдеу зауытына:

– қасапшылар;
– түюшілер;
– қойма көмекшісі;
– сатушылар;
– әртүрлі жұмыстарға жұмысшылар;
– еден жуушылар қажет.
Тел.: 8 771 709 68 68.

«Той Март» супермаркетіне:

– әкімшілер;
– супервайзерлер;
– операторлар;
– қойма меңгерушісі;
– қассирлер;
– сатушылар;
– СВК қызметкерлері;
– жүк тиеушілер керек.
Тел.: 8 707 600 63 08.
Розыбакиев көшесі, 4-үй.

«Беккер және К» ЖШС-ға:

– аспаздар;
– түюшілер;

– сатушылар;
– менчендайзерлер;
– наубайшылар;
– асүй жұмысшылары;
– еден жуушылар;
– слесарьлар;
– жүк тиеушілер қажет.
Тел.: 392-01-80,
8 701 888 10 71.
Розыбакиев көшесі, 95-үй.

«Гавай және Майами» аквапаркіне:

– сатушы-кассирлер;
– массаж жасайтындар;
– раннерлер;
– хостес;
– клинерлер;
– даяшылар;
– судағы қауіпсіздік бойынша нұсқаушылар керек.
Тел.: 8 771 104 01 39,
8 771 104 01 06.

«Комета» компаниясына:

– ВС санатты жүргізушілер;
– жүк тиеушілер;
– үрлеу желісі операторлары;
– экспедиторлар қажет.
Тел.: 385-99-92.
Наманган көшесі, 43-үй.

«Технодом-Оператор» ЖШС-ға:

– кассирлер;
– ІС білімі бар қоймашылар;
– жүк тиеушілер керек.
Тел.: 8 707 700 17 76.

«Алматытелеком» АҚ:
– call-орталығына операторлар іздейді.

Тел.: 297-53-75.
Панфилов көшесі, 72/74.
«Рахат» АҚ-ға:
– кондитерлік өнімдерді өндірушілер;
– слесарь-наладчик;
– жүк тиеушілер керек.
Тел.: 8 701 297 56 54.
Зенков көшесі, 2 А.

«Нәзік» ЖШС-ға:
– әкімшілер;
– сатушылар;
– кондитерлер;
– асүй жұмысшылары керек.
Тел.: 8 705 410 25 31.
Масаншы көшесі, 23-үй.

«Gippo» ЖШС-ға:
– сатушылар;
– наубайшылар;
– асүй жұмысшылары керек.
Тел.: 8 771 718 50 72.
Цветочный көшесі, 1/6.

«Alser» ЖШС-ға:
– сатушылар;
– кассирлер;
– жүк тиеушілер;
– жинаушылар керек.
Тел.: 8 700 188 17 98.
Сүйінбай көшесі, 2-үй.

«Гелиос» ЖШС-ға:
– кеңсе менеджері қажет.
Тел.: 8 702 319 28 01.
Асқаров көшесі, 2-үй.

ЖҰМЫС ТАБУЫҢЫЗҒА
ТІЛЕКШІМІЗ!

АНЫҚТАМА

- **ҚАНДАС** – ол тарихи Отанында тұрақты тұру мақсатында Қазақстан Республикасына келген тиісті мәртебе алған, еліміз егемендік алған кезде оның шегінен тыс жерде тұрақты тұрған этникалық қазақ және оның Қазақстан егемендік алғаннан кейін оның шегінен тыс жерде туған және тұрақты тұрған ұлты қазақ баласы.
- **ЭТНИКАЛЫҚ ҚАЗАҚ** – шет елде тұрақты тұратын ұлты қазақ шетелдік немесе азаматтығы жоқ адам.
- **РЕПАТРИАНТТАР** деген ұғымға елімізге тұрақты тұру үшін қоныс аударған барлық этникалық қазақты біріктіреміз. Елімізде олар 10 жылға дейін жарамды болатын тұру ықтиярхатын рәсімдейді (бірақ шетелдік паспорттың қолданылу мерзімінен аспайды). Тұру ықтиярхатын алғаннан кейін, этникалық қазақтар «қандас» статусын рәсімдейді (2020 жылғы 13 мамырға дейін – «оралман»).



2021 жылға «Almaty aqshamy» газетіне төрт айға жазылу жүріп жатыр

«ALMATY AQSHAMY» – алматылықтардың да, еліміздің барлық дерлік өңірлеріндегі оқырмандарымыздың да асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымы! Қазақ сөз өнері мен журналистикасының дәстүрлі мектебі!

«ALMATY AQSHAMY» жарияланымдары мектептерде, колледждер мен университеттерде оқылады, әлеуметтік желілерде зерделеніп, талқыланады.

БІЗ газетімізді асыға күтетін оқырмандарымызбен әрдайым БІРГЕМІЗ!

«Almaty aqshamy» газетіне «Қазпошта» АҚ Алматы поштамты бөлімшелерінде, «Евразия Пресс» агенттігі, «Эврика Пресс» пен «Дауыс» ЖШС-нің өкілдіктерінде жазылуға болады.

Бізді almaty-akshamy.kz сайтынан да оқыңыздар!

«ALMATY AQSHAMY» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСТЕРІ:

65503 (жеке жазылушылар үшін) 4 айға 2402,00 теңге
15503 (кәсіпорындар мен ұйымдар үшін) 4 айға – 6482,00 теңге
95503 (зейнеткерлер, мүгедектер мен ҰОС ардагерлері үшін) 4 айға – 1732,00 теңге

Анықтама үшін телефондар: 8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-61.

ОҚЫРМАН НАЗАРЫНА!



Бас директор –
Төлеміс КҮЛМҰХАМЕДОВ

Қабылдау бөлмесі:
232-36-61.

Бас редактор –
Төрехан ДАНИЯР
тел.: 232-36-53

Бас редактордың
орынбасары –
Әнуарбек ӘУЕЛБЕК

Жауапты хатшы –
Роза РАҚЫМҚЫЗЫ

Жаңалықтар мен ақпарат
бөлімінің редакторы –
Әсел ДАҒЖАН

Қала тынысы бөлімінің
редакторы –
Нұржамал ӘЛІШЕВА

Шаһар шаруашылығы және
тұрғын үй-коммуналдық
шаруашылық бөлімінің
редакторы –
**Құралай
ИМАНБЕКҚЫЗЫ**
тел.: 232-36-54.

WEB-редакция жетекшісі –
Дәурен ДҮЙСЕБАЕВ,
тел.: 232-36-64.

Коммерциялық директор –
Қуаныш ДҮСКАЛИЕВ,
тел.: 232-36-51.
e-mail: d_kuanys@mail.ru

Жарнама және тарату
бөлімінің менеджері –
Дана ӘЛМЕШ,
тел.: 232-36-56. e-mail:
dalemesh@vecher.kz

**Шығармашылық даму
жөніндегі кеңес**

Кеңес төрағасы –
Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ

Кеңес мүшелері:
Мұрат ӘУЕЗОВ,
Сағымбай ҚОЗЫБАЕВ,
Сейітқазы МАТАЕВ



Республикаға тарайтын
қоғамдық-саяси қалалық
басылым.

Меншік иесі:
«Almaty Aqparat» ЖШС.
almatyaqparat@mail.ru
Мекенжайымыз:
Индекс: 050022.
Шевченко көшесі, 106 А.

**Газет сейсенбі, бейсенбі,
сенбі күндері шығады.**
**Апталық
таралымы – 15 663**

**Кезекші редактор –
Құралай ИМАНБЕКҚЫЗЫ**

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
және қоғамдық даму
министрлігінің
Ақпарат комитетінде тіркелген.
Тіркеу туралы
№КЗ80VPY00026040
куәлігі 19.08.2020 жылы
берілген.

Газет «Almaty aqshamy»-ның
компьютер орталығында
теріліп, беттелді.
Суреттердің сапасына
редакция жауапты.
Жарнама мәтініне жарнама
беруші жауап береді.
Автордың мақалалары
редакция көзқарасын
білдірмейді.
Газет «Дәуір» ЖШС РПБК-де
басылды. 050044, Алматы
қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17.
Тел.: 273-50-53
Офсеттік басылым,
көлемі 2 баспа табақ.

ИНДЕТПЕН КҮРЕС

Ғылым – исламның бір бөлігі



Әсел
ДАҒЖАН

Қаладағы «Аманкүл ата» мешітінің бас имамы Серікхан Ахмадиев әрбір адам өмірі Ислам дінінің басты құндылығы екенін айтып, жұртшылықты індеттен сақтану үшін екпе алуға шақырды.

Медеу ауданындағы мешіттің бас имамы Серікхан Ахмадиев медицинаға деген сенім исламның негізгі ілімдерінің бірі екенін айтты. Ол – денсаулыққа немқұрайлы қарайтындарға қарсылық білдіретін дін қызметшілерінің бірі. Имам бүгінгі күн бүкіл әлем үшін оңай емес екенін, денсаулық пен өмірді сақтау мәселелерінде діндарларды парасаттылыққа, ғылыми зерттеулерді басшылыққа алуға шақырды.

«Аурудың алдын алу өте маңызды, әсіресе жұқпалы аурулар тараған уақытта барынша тиімді шаралар жасалуы міндет. Ислам қайраткерлері жұқпалы аурулар тараған кезде халықты сақтап қалу үшін ұтымды әрі батыл қадамдарға барғаны баршамызға мәлім. Шариғатымызда адам өмірінің құндылығына аманат ретінде қарау бірнеше рет айтылған. Осы қиын уақытта вакцина арқылы аурудың алдын алу тиімді жолдардың бірі», – дейді Медеу ауданы «Аманкүл ата» мешітінің бас имамы С.Ахмадиев.

Ислам дінінде: «Ол қорқатын аурудың алдын алу үшін дәрі қабылдауда ешқандай мәселе жоқ», – делінген. Сондай-ақ, қалада немесе кез келген басқа жерде эпидемия (ауру) туралы алаңдаушылық болса, онда оған қарсы вакцина жасау тиімді екенін медицина мамандары айтуда. Бұл адамның басына түскен ауруды емдеу жолы.

Шариғат бойынша зәру жағдайда екпе салдырған абзал. ҚМДБ да коронавирус инфек-

циясының таралуын тоқтату үшін алматылықтарды вакцина алуға шақырады.

Дәл осындай ұстаныммен Өңірлік коммуникациялар қызметі алаңында Жетісу ауданы «Әли Мұхаммед» мешітінің бас имамы Қанатәлі Такиров те шығып, сөз сөйлеп, қалалықтарды вакцина туралы шешімді кейінге қалдырмауға шақырды.

Алла Тағала «Әл-Бақара» сүресінің 195-ші аятында: «өзіңді өлім жазасына кеспе» деп бұйырады. Алланың елшісі (оған Алланың игілігі мен сәлемі болсын): «емделіңдер, өйткені Алла Тағала қандай ауру жіберсе де, оның мол сауабын жіберді», – деді.

Біздің ата-бабаларымыз: «ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде», – деді. Ол үшін әр адам ауруды емдеу және алдын алу жолдары туралы ойлануы керек.

Мамандардың айтуынша, вакцина адам денсаулығын коронавирустық індеттен қорғаудың ең қауіпсіз және тиімді әдісі. Бүгінде ол – жаһандық қауіп.

Шариғат ережелеріне сәйкес, қажет болған жағдайда вакциналауға рұқсат етіледі. Мамандардың айтуынша, вакцина – бұл әлемге қауіп төндіретін коронавирустық індеттің алдын алу үшін адам денсаулығын қорғаудың ең қауіпсіз және тиімді әдісі.

«Әлемде күн сайын адам өлімі көп. Біз дәрігерлерді тыңдап, ауруды жеңу үшін вакцина алуымыз керек. Көптеген діни қызметкерлер қазірдің өзінде вакцина алып үлгерді. Сондықтан олар Алматының басқа тұрғындарына үлгі. Ғылым исламның бір бөлігі екенін есте сақтау керек және біз ғылыми зерттеулерге сенуіміз қажет», – деді имам Қ.Такиров.

Бас имам барлық діндарларға қозғалысты шектеуге, қонаққа бармауға, жаппай іс-шаралар өткізбеуге, санитарлық нормаларды сақтауға және үйде намаз оқуға шақырды.

ҚАПЕРІҢІЗДЕ БОЛСЫН!



«Almaty aqshamy» газеті Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларына, сондай-ақ, Алматы, Ақтөбе, Атырау, Шығыс Қазақстан, Жамбыл, Батыс Қазақстан, Қарағанды, Қызылорда, Қостанай, Маңғыстау, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан облыстарына тарайды.

ЕГЕР:

* мекемеңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз;
* бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе;
* әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз

«Almaty aqshamy» газетіне
ЖАРНАМА беріңіз де, ТАБЫСКЕР болыңыз!

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне хабарласып, қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы аласыздар:

8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

ЕГЕР:

* құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса;
* құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, мұрагерлік және басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, БІЗГЕ хабарласыңыз!

Барлық сауалдар бойынша жұмыс күндері сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін

«Almaty aqshamy» Жарнама бөліміне
хабарласыңыздар:
8 (727) 232-36-51; 8 (727) 232-36-56.

CORONA
VIRUS2020/KZЕКПЕ ТУРАЛЫ
НЕ БІЛУ КЕРЕК? | 5

ВАКЦИНАЛАР НЕЛІКТЕН ЕКІ КОМПОНЕНТТЕН ТҰРАДЫ?



Егер вакциналарды әзірлеу кезінде бір дозаның тиімділігі жеткіліксіз болса, вирус туралы екпе салып және антиденелерді барынша мол түзіп, бірінші дозаның әсерін күшейтуге және нығайтуға иммундық жасушаларды ынталандыру үшін екінші доза қажет

6 |

ЕКПЕ ТУРАЛЫ
НЕ БІЛУ КЕРЕК?CORONA
VIRUS2020/KZ

ВАКЦИНАЦИЯҒА ҚАЛАЙ ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ?

ВАКЦИНАЦИЯ АЛДЫН АЛА ЖАЗЫЛУ БОЙЫНША ЖҮРГІЗІЛЕДІ:

e.gov

EGOV электрондық үкімет порталы арқылы

1. Egov порталында авторизациядан өту қажет;
2. «Қызметке онлайн тапсырыс беру» бөліміне өту;
3. Өзінің медициналық ұйымын көрсете отырып, өтінім беру;
4. Өтінімді қарағаннан кейін медициналық ұйым вакцинация жүргізу күні мен уақытын анықтайды;
5. Өтінімнің мәртебесі, вакцинацияның күні мен уақыты туралы хабарламаны жеке кабинеттің «Қызметтерді алу тарихы» бөлімінен көруге болады;
6. Телефонға екпені алу күні мен уақыты көрсетілген қосымша SMS-хабарлама келіп түседі.



DAMUMED мобильді қосымшасы арқылы

1. Жеке кабинетте учаскелік дәрігердің қабылдауына жазылу;
2. Ескертпедегі мақсат – КВИ-ге қарсы екпе алуды көрсету



Вз емханаңызға телефонмен қоңырау шалу арқылы

1. Өзімен бірге жеке куәлігі болуы қажет

● БІЛЕ ЖҮРІҢІЗ

Шеге де рахатқа бөлейді



Алматылық Сәуле Төреханова танертең шегеде тұрып, көңіл күйін көтереді. Оның сөзіне сүйенсек, мұндай 5 минуттық жаттығудың әсері бір шыныаяқ кофеден күшті. Адамның бірден ұйқысын ашып, тез сергітетін көрінеді.

Бүгінде шаһарда дәл осы әдіспен жаттығатындар көбейіп келеді. Бастысы – денсаулыққа пайдасы зор. Өйткені, оның жүйке жүйесі мен қан айналымын жақсартатыны медициналық тұрғыдан дәлелденген. Әрі ол денеге күш-қуат береді.

Алғашында шеге қағылған тақтайша үстінде 30 секунд қана тұра алатын Сәуле Төреханова бүгінде сағаттап тұра береді.

– Адам өз денесін босансытқанда әркілі эрекетке баруы мүмкін. Айғайлауы немесе күлуі мүмкін. Мен өз басым алғаш рет шегеге шыққанда қатты күлдім. Кейін денем үйреніп кетті. Қазір шегеге шықпай қалсам, бір нәрсе жетпей тұр-

ғандай болады. Ал осы жаттығуды жасасам, денем рахаттанып қалады, көңіл күйім көтеріледі. Мұнымен тұрақты айналысқан адам күйзеліске ұшырамайды, – деп, бұл емдеу әдісінің біздің елге Үндістаннан келгенін айтты.

– Иммуитет жоғарылайды, зат алмасу жақсарады. Тіпті, арықтауға да көмектеседі десем, артық айтпаған болар едім. Біраз адамның артық салмақтан арылғанын өзім талай рет көрдім. Бірақ бұл әдісті тұрақты түрде қолданып жүргенде ғана нәтиже беретінін естен шығармаған жөн. Адамның табанында 70 мыңнан астам жүйке талшығы бар. Олар тітіркенгенде күш бүкіл денеге жайылады. Осы сәтте діріл пайда болады, – деп, кез келген адамның шегеге тұра алатынын, тек оған алдын ала бейімделу керектігін алға тартты. Сондай-ақ, шегеде 3 минут тұру 10 шақырым жүруді алмастыратын көрінеді.

● ОҚИ ОТЫРЫҢЫЗ

Фитнес-орталықта жаттығады

Шаһардағы троллейбус паркі жүргізушіге фитнес-орталыққа абонемент сыйлады.

Парк басшылығы 55 жастағы Асхат Ибраевқа әлеуметтік желіде тараған суреттен кейін назар аударған. Жүргізуші жұмыс арасындағы үзілісте өзі жүргізетін қоғамдық көлікте спортпен шұғылданады екен. Оған спорттық жаттығу қаланың шуынан сергуге және жолаушылармен қарым-қатынасты жақсартуға көмектесетін көрінеді.

Бір орында ұзақ отырғаннан арқа ауруы пайда болатыны рас. Ал троллейбустың ролінде таңнан кешке дейін отыруға тура келеді. Сондықтан ол ұстағыш тұтқаларды пайдаланып, түр-



лі жаттығулар жасауды әдетке айналдырыпты. «Арғынша-ақ, белің жазылып, арқан сергиді» дейді ол.

Троллейбус паркінің басшылығы Асхаттың тұтқаларды пайдаланып, жаттығу жасайтынын білгенде, тәртіп-

тік жауапкершілік мәселесі туындапты. Бірақ әріптестерінің қолдауының арқасында, жағдай басқаша шешілген.

– Троллейбус тұтқаларында жаттығу жасағаны үшін жүргізушіні жазаға тартпаймыз, бірақ қызметтік әңгіме жүргізілді. Техникалық қауіпсіздік бойынша олай жасауға болмайды. Жазым аяқастынан емес пе? Әкімшілік шешімімен жүргізушіге спорт кешеніне тегін билет бердік, – деді троллейбус паркінің бағыт басшысы Гүлзипа Қоянбаева. Енді жүргізуші троллейбустың тұтқасына тартылмайды, бір ай бойы арнайы жабықталған кешенде жаттығатын болады.

Түтікшеде гүлдеген ғұмыр



Экоұрықтандыру арқылы өмірге келген тұңғыш қазақстандық 25-ке толды. Осыдан 25 жыл бұрын бір перзентке зар боп жүрген қос заңгер биология ғылымының докторы, профессор Салтанат Байқошқарованың көмегіне жүгініп, балалы болған еді. Осылайша елімізде алғаш рет эмбрион ауыстыру әрекеті сәтті аяқталып, кейін тәжірибе кеңінен тарады. Ал түтікшеде гүлдеген алғашқы бойжеткен бүгінде аман-есен, Лондонда жұмыс істеп жүр.

Алманың 36 түрін өсіреді

Бағбан Мирислам Аллахмиранов бақшасында алманың 36 сұрпын өсіруде. Бұдан бөлек, ол алхор мен шабдалының италиялық және Франциялық сорттарын жерсіндіру мақсатында әрі тәжірибе үшін өсіруді де қолға алған.

Кәсібін 15 жыл бұрын 10 гектар жерге алма ағашын отырғыздан бастаған «Зам-зам» шаруа қожалығының жетекшісі Мирислам Аллахмиранов қазіргі таңда бақша көлемін 40 гектарға дейін жеткізген. Ол алқаптан өткен жылы 500



тонна алма алған. Биыл да ауа райының қолайсыздығына қарамастан, күтіп-баптау жұмыстарының арқасында мол өнімнен үміті бар.

Әзірлеген Айкерім РАЙЫСҚЫЗЫ.

ВАЛЮТА
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 507,18 теңге

\$ USD/KZT 426,69 теңге

₽ RUB/KZT 5,85 теңге

¥ CNY/KZT 66,04 теңге